ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МҰНАЙ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ СЫНАМАЛАРДЫ ҚОЛМЕН ІРІКТЕУ ӘДІСТЕРІ

НЕФТЬ И НЕФТЕПРОДУКТЫ РУЧНЫЕ МЕТОДЫ ОТБОРА ПРОБ

ҚР СТ ИСО 3170 - 2006
(ИСО 3170:2004, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МҰНАЙ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ

Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері

ҚР СТ ИСО 3170 - 2006

(ИСО 3170:2004, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті

Астана

Алғысөз

1 «ҚазТрансОйл» АҚ «Ғылыми-техникалық орталық» филиалы **ӘЗІРЛЕДІ**

2 «ҚазТрансОйл» АҚ **ЕНГІЗДІ**

3 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2006 жылғы 15 желтоксанындағы № 550 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандарт «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны орындаған түпнұсқалық аудармасы негізінде ИСО 3170:2004 «Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу». (ISO 3170:2004 «Petroleum liquids manual sampling») халықаралық стандартымен сәйкестендірілген.

Осы стандарт атауы аталған халықаралық стандарт атауына қатысты өзгертілді, өйткені оның қолданылу саласы мұнай және мұнай өнімдеріне таратылады.

Осы стандартты қолдану кезінде сілтемелік халықаралық стандарттар орнына оларға сәйкес келетін мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық стандартты пайдалану ұсынылады, олар туралы мәліметтер Б қосымшасында келтірілген.

5 Осы стандартта 1995 жылғы 28 маусымындағы № 2350 «Мұнай туралы», 2004 жылғы 28 ақпанындағы № 528-II «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының нормалары жүзеге асырылды.

6 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2011 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

7 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Сынамаларды іріктеу әдісінің мәні	4
5	Аппаратура	5
6	Қауіпсіздік талаптары	21
7	Құрамы бойынша біртекті сұйық мұнайлар сынамаларын іріктеу процедуралары	21
8	Шикі мұнай мен басқа да біртекті емес мұнай өнімдерінің сынамаларын іріктеу процедуралары	34
9	Сынамалармен жұмыс істеу	36
10	Сұйыққоймадан шөгінді/түзілім сынамаларын іріктеу	40
11	Іріктеп бақылау	40
А қосымша (ұсынылатын)	Қауіпсіздік талаптары	44
Б қосымша (анықтамалық)	Мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер	46
Қосымша (анықтамалық)	Библиография	47

Кіріспе

Осы стандарт сұйыққоймадан, автомобиль және темір жол цистерналарынан, сұйық зат таситын кемелердің танктерінен, құбыржолдарынан және тасымалдау мен сақтау үшін қолданылатын басқа құралдардан сұйық және жартылай сұйық көмірсутектерін, шөгінділер мен түзілімдерді қолмен іріктеу әдістерін белгілейді. Құрамы біртекті емес өнімнен қолмен іріктелген сынамалар көрсеткіштік сынамалар бола алмайды, сонымен бірге олардың қолданылуы өнімнің біртекті еместігінің деңгейін анықтауға, оған сапалық және сандық баға беруге көмектеседі.

Стандартта сынамалардан жеңіл тұйіршіктердің булануын барынша азайтады немесе жояды. Ондай булану сынамалармен жұмыс істеу кезінде немесе оларды ауыстырып құю кезінде болуы мүмкін, мұның өзі сынамаларды көрсеткіштік етпейді. Стандартта сондай-ақ қысымды сұйық көмірсутегі бар сұйыққоймалардан және буланууды бақылау жүйелерімен жабдықталған сұйыққоймалардан сынама іріктеу процедураларының сипаттамасы берілген.

Осы стандартта сипатталған әдістер көмегімен алынған сынамалар:

а) сұйық/көмірсутегі сапасын;

б) су құрамын;

в) сұйықтың бір бөлігі деп саналмайтын басқа да ластандырушы заттарды анықтауға арналған.

Осы стандарт ИСО 3171 «Сұйық мұнай өнімдері. Құбыржолдардан сынамаларды автоматты іріктеу» орнына қолданылуға тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МҰНАЙ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ

Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері

Енгізілген күні 2008.01.01.

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы стандарт сұйыққоймалардан, автомобиль және темір жол цистерналарынан, сұйық зат таситын кемелердің танктерінен, құбыржолдарынан және тасымалдау мен сақтау үшін қолданылатын басқа құралдардан сұйық және жартылай сұйық көмірсутектерін, шөгінділер мен түзілімдерді қолмен іріктеу әдістерін белгілейді.

1.2 Стандарт сұйыққоймаларда атмосфералық немесе атмосфералыққа жақын қысым кезінде сақталатын, сондай-ақ құбыржолдармен тасымалданатын және айналадағы ортаның 200 °С-ға дейінгі температурасы кезінде сұйық күйінде қалатын шикі мұнайға, мұнай өнімдеріне және аралық өнімдерге қатысты.

1.3 Стандарт сұйытылған газға (мұнай газы мен табиғи газ), табиғи газға (ИСО 4257, ИСО 8943, ИСО 10715), электрді оқшаулау майларына (МЭК 60475) таратылмайды.

1.4 Сынамаларды іріктеу кезінде берілген жабдық осы стандарт ережелеріне сәйкес сынамаларды іріктеуді қамтамасыз ететін жағдайда, осы стандартта қарастырылмаған басқа да түрлерін қолдануға рұқсат етіледі.

Е с к е р т у – Осы стандартта «% (м/м)» өлшем бірлігімен судың салмақтық үлесі көрсетіледі.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ИСО 1998 (барлық бөлімдер) Мұнай өнеркәсібі. Терминология.

ИСО 2859-1:1999 Статистикалық әдістер. Баламалы белгіге іріктеп бақылау процедуралары. 1-бөлім. Тізбектеп келетін топтарды AQL жарамды сапа шегі негізінде іріктеп бақылау жоспарлары.

ИСО 3171-1988 Сұйық мұнай өнімдері. Құбыржолдан сынамаларды автоматты іріктеу.

Е с к е р т у – Аталған нормативтік сілтемелер қазіргі уақытта стандартты қолдану кезінде пайдаланылады. Стандартты ұзақ пайдаланылу кезінде аталған нормативтік құжаттардың жаңа түрлерін қолдану керек.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ИСО 1998 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Оларға қосымша осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай анықтамалар белгіленді:

3.1 Жарамды сапа деңгейі (AQL): Іріктеп бақылау кезінде орташа процесс ретінде қанағаттанарлық деп саналатын ең жоғары ақаулық пайызы (100 бірлікке ақаулардың ең жоғары саны).

3.2 Барлық деңгейлердегі сынама: Бір бағытта сұйықтықтың барлық биіктігі бойынша өту шамасына қарай толтырылатын сынама іріктеуішпен іріктелген сынама.

3.3 Автоматты сынама іріктеуіш: құбырдан өнім сынамасын іріктеуге арналған құрылғы.

Е с к е р т у – Автоматты сынама іріктеуіш құрамында әдетте зонд, араластырғыш, реттегіш, ағынды өлшейтін аспап және сынама іріктеуге арналған қабылдағыш болады.

3.4 Топтама: Өндірістік немесе жеткізілген бір топтамадағы түрі мен құрамы бірдей өнім салынған қапшықтар жиынтығы.

3.5 Түп сынамасы: Сұйыққойма түбінен алынған оқшау сынама (1-суретті қараңыз).

3.6 Түп суының сынамасы: Тауарасты суының сұйыққоймадағы мұнай деңгейінен төмен алынған оқшау сынамасы.

3.7 Жабық сынама іріктеу: Ұшпалы көмірсутектері атмосфераға шықпайтын жабық жүйе жағдайларында сұйыққоймадан өнім сынамасын іріктеу процесі.

3.8 Жиынтық сынама: Өнім сынамасын іріктеу үшін белгілі бір пропорцияларда бірнеше оқшау сынамаларын біріктіру жолымен сынама.

3.9 Шөміштік сынама: Ағын жылдамдығы тұрақты кезде белгілі бір уақыт аралығында немесе ағын жылдамдығына пропорциялы түрлі уақыт аралығында жалпы ағынның белгілі бір мөлшерін алу үшін ағын жолына қойылатын шөмішпен немесе басқа сынама іріктеуішпен іріктеліп алынған өнім сынамасы.

Е с к е р т у – Бұл әдіс тек конвейерлік таспадан мұнай коксінің сынамасын іріктеу үшін қолданылады.

3.10 Дренаж сынамасы: Сұйыққоймадағы тауарасты су бұрмасының клапанынан іріктелген сынама.

Е с к е р т у – Цистернадан алынған дренаж сынамасы түптен алынған сынамаға ұқсас.

3.11 Қалқымалы қақпақ сынамасы: Қалқымалы қақпақ үстінде болатын сұйықтың тығыздығын анықтау үшін сұйық бетінен сәл төмен іріктелген оқшау сынама.

3.12 Май сынамасы: Жұмсақ немесе жартылай жұмсақ өнімнің шағын бөлігін сыйымдылықтан шөміштеп іріктелген оқшау сынамасы.

3.13 Сынама тұтастығы: Толықтық пен өзгеріссіздік күйі, яғни өнімнің жалпы массасынан іріктелген сынаманың бастапқы құрамының сақталуы.

3.14 Төменгі сынама: Сұйықтың жоғарғы бетінен 5/6 тереңдікте іріктелген оқшау сынама (1-суретті қараңыз).

3.15 Ортаңғы сынама: Сұйықтың жоғарғы бетінен 1/2 тереңдікте іріктелген оқшау сынама (1-суретті қараңыз).

3.16 Араластырғыш: Көрсеткіштік сынамаларды іріктеу үшін сұйыққоймада немесе құбырда өнімнің біркелкі араласуын қамтамасыз ететін құрылғы.

3.17 Сынаманы ашық іріктеу: Сынаманы сұйыққоймадан өлшеу люгі немесе кіру нүктесі арқылы іріктеу процесі.

Е с к е р т у – Егер сұйыққоймада бос кеңістік қысымда болса, сұйыққоймада саңылау пайда болуына және ұшпалы көмірсутектерінің ықтимал ысырабына жол бермеу мақсатында сынаманы жабық немесе шектеулі іріктеу әдісін қолдану қажет.

3.18 Ақаулылық пайызы: Өнімнің ақаулы бірліктері санының өнімнің тексерілген бірліктерінің жалпы санына қатысы, 100-ге көбейтілген

$$\text{ақаулылық пайызы} = \frac{\text{өнімнің ақаулы бірліктерінің саны}}{\text{өнімнің тексерілген бірліктерінің саны}} \times 100$$

3.19 Қысыммен жұмыс істейтін тасымалды сынама іріктеуіш: Сынаманы жабық немесе шектеулі іріктеу үшін сынама іріктеуіш орнатылған, буланууды тоскауылдайтын

клапанмен қосындыдан газ өтпеуін қамтамасыз ететін құрылғы, сондай-ақ сынама іріктеуішті түсіру мен көтеруге арналған өлшемделген тросы бар шығыр.

3.20 Көрсеткіш сынама: Сынама іріктелген өнімнің негізгі массасындағыдай құрамы бар өнім сынамасы.

3.21 Шөгінділер мен түзілімдер: Құрамында су бар, сұйыққойма түбіне шөгетін немесе мұнай айдап шығарылғаннан кейін сұйыққоймада қалатын органикалық және органикалық емес заттар.

3.22 Шектеулі сынама іріктеу: Өнім сынамасын сұйыққоймадан ашық әдіспен сынама іріктеу кезінде буланудан болатын ысырапты едәуір қысқартатын арнаулы сынама іріктеуішпен іріктеу процесі.

Е с к е р т у – Бұл сынама іріктеуіш мүлдем газ өтпейтін болып табылады.

3.23 Бірнеше деңгейден іріктелетін орташа сынама: Сынама іріктеуіш сұйық қабаты арқылы тауарасты суының деңгейін ескерместен екі бағытта өткен кезде алған өнім сынамасы.

3.24 Сынаманы гомогенизациялау: Сынаманы іріктеу мен талдау үшін дайындау кезінде өнім сынамасын араластыру.

3.25 Сынамамен жұмыс істеу: Сынаманы гомогенизациялау, қотару, бөлу және тасымалдау, сондай-ақ сынаманы бастапқы сынама іріктеуіштен екінші сынама іріктеуішке ауыстыру немесе сынаманың бір бөлігін анализ үшін зертхана ыдысына салу.

3.26 Сынама көлемі: Сынама іріктеу жоспарына сәйкес өнімнің жарамдылығын анықтау үшін өнім топтамасынан іріктелетін сынамалар саны.

3.27 Үстірт сынама: Сұйық бетінен іріктелген оқшау сынама (1-суретті қараңыз).

3.28 Оқшау сынама: Сұйыққойманың бір жерінен немесе құбыржолдан белгілі бір уақытта бір жолы іріктелген сынама.

3.29 Тұрақты араластырғыш: Жылжымалы бөлшектері жоқ және құбыржол ішінде орналасқан араластырғыш құрылғы.

Е с к е р т у – Тұрақты араластырғыш тиімділігі жылжитын сұйықтың араластырғышты сұйықты араластыруға мәжбүр ететін кинетикалық энергиясына байланысты.

3.30 Құбыр: Өлшеулер жүргізу үшін сұйыққоймаға орнатылған, сұйықтың турбуленттілігіне немесе қатты ағуына байланысты пайда болатын кінәратты кемітетін тік цилиндр құбыр.

Е с к е р т у

1 Тесілмеген құбырлардан іріктелген өнім сынамасын сақтау және тасымалдау үшін пайдалануға болмайды, 7.2.1.3-тармақшасын қараңыз.

2 Тесілмеген құбырлармен мұнай құйылатын кемелерді де жарақтандыруға болады.

3.31 Шыға беріс сынамасы: Сұйық көмірсутегі сұйыққоймадан айдалатын ең төменгі деңгейден алынған сынама (1-суретті қараңыз).

Е с к е р т у – Осы деңгейді анықтау кезінде сұйыққойма ішіндегі ернемектерге тиісті жіберілім жасалады, мысалы, бұру иінтірегі, сору шағылдырғышы немесе ішкі иін.

3.32 Май жинағыш сынамасы: Май жинағыштан іріктелген оқшау сынама.

3.33 Өлшемді су: Мұнайда ұсақ тамшылар түрінде бөлінген су.

Е с к е р т у – Белгілі бір уақыт өткен соң температура мен қысымға байланысты өлшемді су тауар астындағы су ретінде жинақталуға немесе еруге тиіс.

3.34 Шүмектен алынған сынама: Сұйыққойманың бүйір қабырғасынан алынған оқшау сынама.

3.35 Талдауға арналған үлгі: Өнім сынамасын талдау үшін зертхана ыдысына құйылған бөлігі.

3.36 Үстіңгі бет жанынан іріктелген сынама: Сұйықтың жоғарғы бетінен 150 мм төмен деңгейде іріктелген оқшау сынама (1-суретті қараңыз).

3.37 Жалпы су: Мұнай топтамасындағы еріген, өлшемді және тауарасты суының жиынтығы.

3.38 Еркін кеңістік: Сұйық бетінде белгіленген көлем қабылдағышта қалдырылған көлем.

3.39 Жоғарғы сынама: Сұйықтың жоғарғы бетінен 1/6-нан алынған оқшау сынама (1-суретті қараңыз).

3.40 Булануды бөгеу клапаны: Қысымды кемітпестен қолмен сынама іріктеу үшін газ өтпейтін немесе саңылаусыз сұйыққойма бетіне орнатылған булануды бақылау клапаны.

3.41 Аймақтық (орталық, ағын) сынама: Сұйыққойманың белгіленген деңгейге дейін батырылуына қарай ол толық шайылғаннан кейін сынама жинағыш сұйыққоймада сол деңгейда жабылғанға дейін оған толған сұйықтың бір бөлігі.

4 Сынамаларды іріктеу әдістерінің мәні

4.1 Көрсеткіштік сынама іріктеу үшін сұйыққоймалардан, көлік құралдарынан, құбырлардан сынамаларды іріктеудің белгілі бір ережелерін сақтау қажет, олар алынатын өнім қасиеттерімен және алынған сынамаларда жүргізілетін сынаулар түрімен анықталады.

4.2 Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері:

- сынамаларды сұйыққоймалардан іріктеуге (тұрақты сынама іріктеу);
- сынамаларды құбырдан іріктеуге (динамикалық сынама іріктеу) бөлінеді.

Мұнай немесе мұнай өнімі топтамасы алынған кезде үлгілерді сұйыққоймадан немесе құбырдан іріктеуге болады, бірақ бұл жағдайда сұйыққоймадан және құбырдан алынған сынама үлгілері араластырылмауға тиіс.

4.3 Сұйыққоймадан мұнай мен мұнай өнімдерінің сынамаларын қолмен ондағы өнім қимылсыз болған кезде іріктеу қажет.

Сұйыққоймадан мынадай сынамалар іліктеледі:

- жоғарғы, ортаңғы және төменге, немесе
- жоғарғы, ортаңғы және өнім сұйыққоймаға қотарылатын (құйылатын) деңгейдегі.

Егер осы сынамалар талдауы олардың біртекті екенін көрсетсе, одан әрі сынаулар жүргізу үшін сынамаларды әрқайсысының көлеміне қарай біріктіруге болады.

Егер осы сынамалар талдауы сұйыққоймадағы өнімнің біртекті емес екенін көрсетсе, үш немесе одан көп деңгейлерден оқшау сынамалар алынып, араластырылады. Егер оқшау сынамалар араластырылғаннан кейін жүргізілген зерттеулер нәтижелері сұйыққоймадағы өнім сапасы көрсеткіштерінің нашарлағанын көрсетсе, әрбір сынамаға жеке-жеке анализ жасалады, содан соң араластырылған сынама сапасының көрсеткіштері аралас сынамадағы әрбір жеке сынама үлесін ескере отырып есептеледі.

Жекелеген сынамалар іріктелетін жерлер 1-суретте көрсетілген.

Жоғарыда келтірілген әдістермен қатар сұйыққоймадан:

- бірнеше деңгейлердің ортаңғы сынамасы;
- барлық деңгейлердің сынамасы іріктеледі.

Келтірілген әдістердің нәтижесі бір ғана сынама болып табылатындықтан, оны сұйыққойма ішіндегі өнімнің біртектілігін (біртекті еместігін) бағалау үшін қолдануға болмайды. Осы әдістермен алынған сынамалар сұйыққоймадағы өнім сапасы көрсеткіштерінің орташа мәндерін анықтау үшін пайдаланылады.

Ескерту

1 Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптары мұнай немесе мұнай өнімдері сынамаларын сұйыққоймадан қолмен іріктеу әдісінің қолданылуын шектейді, өйткені ол

жағдайда көмірсутектерінің немесе басқа да ұшпалы органикалық компоненттерінің атмосфераға шығуы ықтимал. Сондықтан сынамаларды өлшеу люктері немесе қол жететін жерлерден қолмен іріктеудің дәстүрлі процедуралары қолданылмайды. Мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің сынамаларын конструкциясы арнаулы (қалтқылар, қалқымалы қақпағы, қысымы жоғары) немесе газ теңестіру жүйесі бар сұйыққоймадан іріктеу үшін сұйыққоймада саңылау пайда болуына және ұшпалы органикалық компоненттердің азаюына жол бермеу үшін сынамаларды жабық немесе шектеулі әдіспен іріктеу қолданылады.

2 Сынамаларды іріктеудің жабық әдісі сұйыққоймадан сынамаларды жабық жүйе жағдайларында жабық сынама іріктеуіш көмегімен, яғни сынамалар іріктеу кезінде сұйыққойма ішіндегі өнім атмосфераға ұшпайтын және/немесе шықпайтын кезде іріктеу процесі. Сондықтан әдетте сынамаларды қолмен жабық әдіспен іріктеу сұйыққойма қақпағынан газ өтпеуін қамтамасыз ететін булануға жол бермейтін клапан арқылы жабық сынама іріктеуішпен жүзеге асырылады.

3 Шектеулі сынама іріктеу сұйыққоймадан сынамаларды шектуелі сынама іріктеуге арналған, сынаманы ашық әдіспен іріктеу кезіндегі ықтимал буланудан болатын шығынды елеулі кемітетін сынама іріктеуіш көмегімен қолмен іріктеу процесі.



1 – мұнайдың үстіңгі беті ; 2 – үстіңгі бет жанынан іріктелген сынама; 3 – үстіңгі беттен іріктелген сынама; 4 – жоғарғы сынама; 5 – ортаңғы сынама; 6 – шыға беріс сынамасы; 7 – төменгі сынама; 8 – түпкі сынама; 9 – май жинағыш сынамасы

1 сурет – Оқшау сынамалар іріктелетін жерлер

4.4 Құбырмен тасымалданатын мұнайдан немесе мұнай өнімінен көрсеткіштік сынама іріктеу үшін сынама ИСО 3171-ге сәйкес автоматты сынама іріктеуіш көмегімен алынады. Кейбір жағдайларда құбырдан қолмен динамикалық сынама іріктеу қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда іріктелген оқшау сынамалар құбырмен тасымалданатын

өнімнің бүкіл салмағы үшін көрсеткіштік сынама болып табылмайды (7.4-тармағын қараңыз).

5 Аппаратура

5.1 Жалпы ережелер

Барлық сынама іріктеуіштер саңылаусыз болуға және алынатын мұнайға әсер етпеуге тиіс. Олар ішкі қысымға шыдау үшін жеткілікті дәрежеде берік және тұрақты болуға тиіс. Сынама іріктеуішті пайдаланылатын әрбір жолы оның тазалығын тексеру қажет.

Ескерту

1 Сұйық өнімдер іріктеу кезінде сынама іріктеуішті сүртетін өніммен шаю ұсынылады.

2 Сынамаларды қолмен іріктеу үшін 5.2 – 5.7 тармақтарда сынама іріктеуіштердің алуан түрлері және олардың егжей-тегжейлі сипатталмаған негізгі сипаттамалары келтірілген, өйткені сынама іріктеуіштердің осы стандарт талаптарын қанағаттандыратын басқа түрлерін қолдануға жол беріледі.

5.2 Сұйыққоймалардан сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер

5.2.1 Жалпы ережелер

сұйыққоймалардан сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер алынатын сынама түріне қарай әртүрлі болады:

- оқшау сынама;
- аймақтық (ағынды) сынама;
- бірнеше деңгейден іріктелетін ортаңғы сынама;
- барлық деңгейлерден іріктелетін сынама.

сұйыққоймалардан сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер сұйыққойманың жұмыс істеу режиміне және сынама іріктелетін жерге байланысты әртүрлі болады:

- ашық (дәстүрлі) сынамаларды іріктеу;
- шектеулі сынамаларды іріктеу;
- жабық сынамаларды іріктеу.

Сынама іріктеуішті жоғары көтеру мен төмен түсіру үшін синтетикалық талшықтан өрілген арқан пайдалану ұсынылмайды, өйткені ол электростатикалық ұшқын шығаруы мүмкін.

Ескертпе – Сынама іріктеуіштерді ілу үшін шынжыр пайдалану ұсынылмайды, өйткені бұл жағдайда жерге қосу кепілдігі болмайды.

5.2.2 Мұнай мен мұнай өнімдерінің жергілікті және аймақтық сынамаларын іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер

5.2.2.1 Жалпы ережелер

Жергілікті және аймақтық сынамаларды іріктеуге арналған сынама іріктеуіштердің конструкциясы сұйыққойманың кез келген деңгейінен сынама іріктелуін қамтамасыз ететіндей болуға тиіс. Мұндай сынама іріктеуіштер 5.2.2.2 – 5.2.2.4 тармақшасында сипатталған.

Ескертпе – Оқшау сынамалар іріктеу үшін сынама іріктеуіштердің басқа түрлері пайдаланылуы мүмкін. Олардың кейбіреулерінде ашылатын арнайы құрылғылар, мысалы, аспалы арқанмен түсірілетін жүк салмағымен ашылатын және жабылмалы клапандар, немесе сынама іріктеуіш жоғары көтерілген кезде жабылатын ашпалы клапандар бар.

5.2.2.2 Сынама іріктеуіштердің тұтқыштары

Құрастырылымы сынама іріктеуіштің (негізінен шөлмектің) ұстап тұрылуын қамтамасыз ететін металл немесе пластмасса тұтқыш сынама іріктеуішті тез батыру және

сынаманы белгіленген деңгейден іріктеу үшін жеткілікті түрде салмақты болуға тиіс (2 сурет).

Тұтқыш көлемі сынама іріктелетін шөлмек көлеміне сәйкес келуге тиіс. Тұтқыштардың кейбір құрылымы шөлмектердің көлеміне қарай оның көмейінің мөлшерін өзгертуге мүмкіндік береді, сондай-ақ «қалқымалы» шариктермен жабдықталған, олар шөлмек толысымен оны берік етіп жабады.

Ескертпе

1 Тұтқыштары бар шөлмектерді ұшпалы өнімдердің сынамаларын іріктеу үшін қолданған жөн, өйткені сынаманы басқа контейнерге ауыстыру кезінде жеңіл фракциялар ысырабына жол бермейді.

2 Егер шөлмек жүгі бар арқанға сенімді түрде бекітілген болса тұтқышты пайдаланбауға болады, бұл жағдайда арқанға шөлмек көмейінен 150 мм қашықтықта тығын байлаулы болуға тиіс.



1 –топса; 2 – тиек

а)

1 – жабық күйде сынама іріктеуге арналған кірме саңылау; 2 - жабық күйде сынама іріктеуге арналған кірме саңылау

б)

2 сурет – Сынамасы бар шөлмектер тұтқыштарының түрлері

5.2.2.3 Сынамаларды іріктеуге арналған ауырлатылған канистр (мензурка)

Сынамаларды іріктеуге арналған канистр (3 суретті қараңыз) алынатын өнімге терең батырылуы үшін ауырлатылады. Бұл жағдайда ауырлатқыш канистрдің күрт қозғалуынан тығын ашылатындай етіп бекітіледі. Сынаманың ластануына жол бермеу және канистрді оңай тазарту үшін жүкті канистрге сынамаға тимейтіндей етіп бекіту ұсынылады.

5.2.2.4 Жергілікті және аймақтық сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіш

Бұл сынама іріктеуіш – шыныдан, металдан немесе пластмассадан жасалған, алынатын өнімге батырылған кезде сұйықтың еркін ағуын қамтамасыз ету үшін екі шетінен ашық түтік. Алынатын өнімнің белгіленген деңгейінде түтіктің төменгі шеті түрлі төмендегі айлабұйымдар көмегімен жабылады:

а) сынама іріктеуіштің алғыштың жоғары қозғалуымен іске қосылатын жабылмалы құрылғы;

б) жабылмалы құрылғыны іске қосуға арналған, аспалы арқанмен төмен түсірілетін жүк;

в) бос жұмыс істеу кезінде ілмекке ілінетін жабылмалы құрылғы;

г) ұзартқыш өзекпен немесе арқанды қатты керумен іске қосылатын жабылмалы құрылғы.

Сынама іріктеуішті баяу батыру кезінде іріктелген сынама кез келген белгіленген деңгейде, оның ішінде сұйық жүк тиелетін кеме танкінің түбінде ағып шықпайтындай етіп жасалуға тиіс (4 және 5-суреттерді қараңыз).

Е с к е р т у – 6-суретте келтірілген шекті сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуіш сұйыққойма түбінде мұнай – су шегінде, сұйық зат таситын кеме танктерінде – мұнай - су шегінде сынамалар іріктеуге, сондай-ақ сұйыққойманың кез келген деңгейінде аймақтық сынама іріктеуге арналған.



1 – сым тұтқа; 2 – сым доға; 3 – ауырлатқыш жүк

3 сурет – Сынамалар іріктеуге арналған ауырлатылған канистр



1 - жоғарғы клапан (сынама іріктеуіш сұйыққа батырылған кезде ашылады); 2 – сұйық кіретін саңылау; 3 - түп клапаны (сынама іріктеуіш сұйыққа батырылған кезде ашылады); 4 - сұйық кіретін саңылау

4 сурет – Жергілікті және аймақтық сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіш



1 – ашылатын жоғарғы клапан; 2 - түп клапаны; 3 – сұйық кіретін саңылау
Е с к е р т у – сынама іріктеуішті жоғары көтеру кезінде екі клапан да жабылады

5 сурет – Жергілікті және аймақтық сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіш



1 – жабылмалы тетікті іске қосуға арналған жүк

6 сурет – Шекті сынамаларды іріктеуге арналған сынама іріктеуіш

5.2.3 Түпкі сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуіш

Түпкі сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуіш сұйыққойма (цистерна, сұйық зат таситын кеме танктері) түбімен жанасқан кезде ашылатын және сынама іріктеуіш көтерілген кезде жабылатын клапанмен жабдықталған (7-суретті қараңыз).



1 – шар клапан/ауа шығатын саңылау; 2 – батыруға арналған шнур; 3 - ауа шығатын саңылау; 4 – жүк серіппесі бар кірме клапаны; 5 – төрт тойтарма; 6 – ауырлатылған кірме клапаны

Е с к е р т у – Ұзындығы реттелетін аяқ кірме клапанды іске қосады (ашады және жабады)

а)



1 – сынаманың сынама іріктеуішке толуына мүмкіндік беретін саңылау; 2 – түп сызығы; 3 – толтыратын саңылау

б)

7 сурет – Түп сынамасын іріктеуге арналған сынама іріктеуіш

Түпкі сынамалар іріктеуге арналған кейбір сынама іріктеуіштер олардың саңылаусыз жабылуын қиындататуы мүмкін шөгінді қабатының тікелей үстінен сынама іріктеуге мүмкіндік беретін ұзаратын «аяқпен» жарақтандырылған.

Е с к е р т у – Түпкі сынамалар іріктеу үшін аймақтық немесе шекті сынама алуға арналған сынама іріктеуіштерді қолдануға болады.

5.2.4 Шөгінді/түзілімдер деңгейінде сынама алуға арналған сынама іріктеуіштер

5.2.4.1 Шөгінділер (түзілімдер) сынамасын алуға арналған сынама іріктеуіштер

Бұл сынама іріктеуіштер жабылмалы құрылғы (қысқыш немесе сорғыш) серіппесімен іске қосылады. Мұндай сынама іріктеуіштердің ең көп тараған түрі 8-суретте көрсетілген.

5.2.4.2 Аймақтық сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер



1 - жүктемелеу өзегі; 2 - жүктемелеу серіппесі; 3 - басты цилиндр; 4 - цилиндрдің құрастырмалы қақпағы; 5 - жеңілдету клапаны



1 – жабылмалы механизмді іске қосуға арналған жүк; 2 - жабылмалы тетік; 3 – жабылмалы серіппе; 4 – қақпақ; 5 – ауыр жүкті сынама іріктеуіштер

б)

8 сурет – Тұнба/шөгінді деңгейінде сынама іріктеуге арналған, серіппемен немесе тығынжыл іске қосылатын сынама іріктеуіш

Сынама іріктеуіштер – бүкіл ұзын бойында бірдей көлденең қимасы бар, сынама іріктеу кезінде сынамалар қабатына енуге арналған жүкпен немесе механикалық жетекпен жарақтандырылған түтік құрылғы. Гравитация немесе тығынжыл әсерімен жұмыс істей алады.

5.2.5 Бірнеше деңгейлерден сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер

Сынама іріктеуіштер толуды шектеу құрылғысы бар ауырлатылған контейнерден тұрады және оған сынама сұйық қабатымен жоғары және төмен қозғалған кезде толады.

Ескерту

1 Мұндай сынама іріктеуіштер біркелкі қарқынмен толатынының дәлелі жоқ, өйткені, біріншіден, сұйыққойма көлемі тереңдікке пропорциялы болмауы мүмкін, екіншіден, оператор сынама іріктеуішті оның біркелкі, бату тереңдігінен шаршы түбірге пропорциялы толуы үшін түрлі шапшаңдықпен жоғары көтере және төмен түсіре алмайды.

2 Бірнеше деңгейден көлемі нақты ортаңғы сынамалар іріктеуге арналған сынама іріктеуішті тұтқышта орнатуға болады (5.2.2.2-ні қараңыз). Сонымен бірге, түрлі тереңдіктен тұтқырлығы әртүрлі мұнай алу үшін сыйымдылығы әртүрлі бірнеше бөлімшелі көлемі нақты арнаулы сынама іріктеуіш бар.

3 Бірнеше деңгейлерден ортаңғы сынамалар іріктеуге арналған, бастапқы сыйымдылығы сынама іріктеуіштердің сұйық қабаты арқылы өтуіне қарай артатын көлемі аусыпалы сынама іріктеуіш бар. Мұндай сынама іріктеуішті біркелкі толатын жағдайда қолдануға болады.

5.2.6 Барлық деңгейлерден сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіш

Сынама іріктеуіштер - сұйық қабаты арқылы тек бір бағытта қозғалуына қарай толуының көлемін шектеуге арналған құрылғымен жабдықталған контейнер 9-сурет).



1 - ауаны шығаратын клапан (сынама іріктеуіш батыру кезінде ол толғаннан кейін ашылады); 2 - ұзартылған өзек; 3 - бір саңылауы бар қатпарлы шеңбер; 4 – сынама іріктеуіштің негізгі корпусының төменгі бөлігіндегі көлемі әртүрлі кірме саңылаулар; 5 – сынама іріктеуішпен сұйыққойма түбімен жанасатын сызық.

Е с к е р т у – Толтыруға арналған саңылау төменгі ішкі бөлім резервуар түбімен жанасқан кезде оны көтеру жолымен жабылады.

9 сурет – «жоғарыдан төмен» қозғалу кезінде барлық деңгейлерден сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер

Е с к е р т у

1 Мұндай сынама іріктеуіштер сұйық қабаты арқылы өтуіне қарай біркелкі интенсивтілікпен толатынының дәлелі жоқ, өйткені сұйыққойма көлемі тереңдікке пропорциялы

болмауы және оператордың сынама іріктеуіштің бату тереңдігінен шаршы түбірге пропорциялы толуы үшін түрлі шапшаңдықпен жоғары көтере және төмен түсіре алмауы мүмкін.

2 Мұндай сынама іріктеуіш құрылымы сұйыққоймаңың бірнеше деңгейлерінен ортаңғы сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіш құрылымымен үйлесуі мүмкін немесе олардың құрылымы барлық деңгейлерден сынамалар іріктеу үшін ғана пайдаланылатындай болуы мүмкін.

3 Барлық деңгейлерден көлемі тұрақты сынамалар іріктеуге арналған, «төменнен жоғары» қозғалу кезінде толатын сынама іріктеуіш сұйыққойманың түбіне дейін дерлік түсіріледі, сұйық қабат арқылы жылжуы кезінде ашылып, сынамамен толтырылады. Мұндай сынама іріктеуішті тұтқышта орнатуға болады (5.2.2.2-тармақшасын қараңыз).

4 «Төменнен жоғары» және «жоғарыдан төмен» қозғалуы кезінде барлық деңгейлерден көлемі тұрақты сынамалар іріктеуге арналған, ашып-жабатын түрлі механизмдер қолданылатын сынама іріктеуіштер бар. Әртүрлі тереңдіктен тұтқырлығы түрлі мұнай алу үшін сынаманың сынама іріктеуішке құйылу шапшаңдығын шектейтін түрлі қосымша айлабұйымдар қолдануға болады.

5 Бірнеше деңгейлерден ортаңғы сынамалар іріктеуге арналған көлемі ауыспалы сынама іріктеуіш бар. Мұндай сынама іріктеуіштердің бастапқы сыйымдылығы сынама іріктеуіштің қозғалуы кезінде сұйық бағаны биіктігінің өсуіне қарай ұлғаяды.

Мұндай сынама іріктеуішті ол біркелкі толатын жағдайда қолдануға болады.

5.2.7 Өнім сынамасын жабық немесе шектеулі іріктеуге арналған сынама іріктеуіш

Егер қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау талаптары сынамалар іріктеудің ашық әдісін шектейтін болса, шектеулі немесе жабық сынама іріктеу әдістерін қолдануға болады. Мұндай әдістерді қалтқы, қалқымалы қақпағы бар сұйыққоймадан, қысымы артық сұйыққоймадан немесе газ теңдестіру жүйесі бар сұйыққоймадан мұнай немесе мұнай өнімдері сынамаларын іріктеу үшін қолдану ұсынылады.

Бұл мақсаттар үшін сынамалар іріктеуге рналған, 10 суретте көрсетілген газ өтпейтін құрылғы қолданылады. Бұл құрылғы - өлшемделген арқанмен жабдықталған және шығыры бар құрылғыға салынған және сынаманы ашық іріктеу кезінде пайдаланылатын өлшеу люгін ауыстыратын булануды тоскауылдайтын клапанмен жалғастырылған газ өтпейтін құты.

Ол жергілікті, аймақтық, шекті, түпкі сынамалар, барлық деңгейлерден ортаңғы сынама және барлық деңгейлерден сынама іріктеуге арналған. Сынамалар іріктеудің мұндай әдісі кезінде ашық клапан будың сыртқа шығуына тоскауыл қояды, алайда сынаманы ауыстырып қою кезінде, клапан жабық болғанда, бу атмосфераға сонда да болса шығады.

Жабық сынама іріктеу кезінде газдың мүлдем өтпеуі сынама іріктеу кезінде де, сынама екінші контейнерге апарылған кезде де қамтамасыз етіледі. Бұған корпусқа шыққан буды арнаулы айлабұйымдардың сұйыққоймаға немесе сіңіру сыйымдылықтарына кері айдауы, сондай-ақ жүйені оқшау газбен үрлеуі есебінен қол жетеді.

Е с к е р т у – Сынамалар іріктеудің жабық әдісі сынама іріктеуіш толуының деңгейін көзбен шолып анықтауға мүмкіндік бермейді.

5.3 Бөшкелерден, бидондардан және банкалардан сынама іріктеуге арналған сынама іріктеуіштер

5.3.1 Бидондар мен банкалардан сынама іріктеу үшін түтікті сынама іріктеуіш қолданылады (11 сурет). Түтікті әйнектен, металдан немесе пластмассадан жасауға және қажет болған жағдайда қосымша айлабұйымдармен жарақтандыруға болады.

5.3.2 Түтікті сынама іріктеуіш жергілікті немесе түпкі сынамалар іріктеу үшін қолданылады. Оны толтыру үшін жоғарғы саңылау бас бармақпен жабылып, бидонға немесе бөшкеге белгілі бір деңгейге дейін түсіріледі, саңылаудан басбармақ алынып, түтікке сынама толуына мүмкіндік беріледі. Түтік толғаннан кейін жоғарғы саңылау

саусақпен жабылып, ыдыстан шығарылады да, оның ішіндегі өнім екінші қабылдағышқа құйылады.

5.3.3 Егер түтіктің көлденең қимасы бүкіл бойлық бойы біркелкі болса, оны бидондағы, бөшкедегі сұйықтың бүкіл қалыңдығынан аймақтық (ағынды) сынама іріктеу үшін қолдануға болады.



1 - шығыр; 2 – қысым клапаны; 3 – шолу әйнегі; 4 - жіберу клапаны; 5 – көмір сүзгі; 6 - өлшемделген арқан; 7 - корпус; 8 – ауыстырып құю клапаны; 9 – ауыстырып құюды тоқтату; 10 – зертханалық шөлмек; 11 – клапан қақпағы; 12 – жедел қосу жалғастырғышы; 13 – жабық күйде булануға жол бермеу клапаны; 14 - жабық күйде

буланyға жол бермеу клапаны; 15 – сұйыққойма беті ; 16 – сынамаларға арналған контейнер

10 сурет – Сынамаларды іріктеуге арналған газ өтпейтін құрылғы



11 сурет – Түтікшелі сынамаалғыш

5.4 Құбырдан сынамалар алуға арналған сынамаалғыш

Тез буланатын өнімдер үшін қаншалықты жеңіл екшемдердің кему қаупі болғандығынан, роторлық сорғыларды немесе сифондық құрылғыларды пайдалану ұсынылмайды. Түтікшедегі сынаманы ауызбен тартуға тыйым салынады.

5.4.1 Құбырдан сынамаларды автоматты іріктеу ИСО 3171 сәйкес орындалады.

5.4.2 Құбырдан сынамаларды қолмен алуға арналған сынамаалғыш зондтан және бітеу шұрасынан тұрады. Зонд құбыр ішінде құбыр қабырғасынан оның ішкі диаметрінің 1/4-іне тең қашықтықта болатындай етіп орнатылады. Зондты кірме саңылауы құбырдағы сұйық ағынына перпендикуляр болатындай етіп салады (12-суретті қараңыз).

Егер сынама алу үшін көлемі нақты сынамаалғыш (мысалы, шөлмек) қолданылатын болса, зондтың шығыс клапанына ұшы сынамаалғыш түбіне жететін және сыйымдылықтың су астында толтырылуын қамтамасыз ететін ұзын түтік жалғастырылады. Егер сынама алу үшін ауыспалы көлемдегі сынамаалғыш (мысалы, піспегі қозғалып тұратын құты) қолданылатын болса, зондтың кірме клапанында тоғыту түтігі және зондтың қауіпсіз шайылуы мен сынамаалғыштың толтырылуын қамтамасыз ететін жалғастырғыштар болуға тиіс.



1 - ұшы жабық және дөңгелек саңылауы бар зонд; 2 - диаметрі 5,0-ден 6,4 мм-ге дейінгі ұшы жабық зонд; 3 - шығыс клапаны; 4 - иілімі 5,0-ден 6,4 мм-ге дейінгі иін немесе иінді келтекұбыр түріндегі зонд; 5 - ұшы ашық және 45 ^{o} қиғаш зонд

12-сурет – Құбырдан сынамаларды қолмен іріктеуге арналған сынамаалғыш



1 - сынаманы соруға арналған клапан; 2 - манометрлер; 3 - алдын-ала жүктемелеу клапаны; 4 - сынаманы шығаруға арналған клапан; 5 - артық қысымды кеміту; 6 - тұрқы

13-сурет – Көлемі ауыспалы бір піспекті қабылдағыш



1 - алынған сынама іріктелетін орын; 2 - араластырғыш; 3 - піспек; 4 - піспек күйін көрсеткіш; 5 - сынамаға арналған камера; 6 - инертті газ енгізілетін орын; 7 - сынаманы шығаратын саңылау

14-сурет – Көлемі ауыспалы екі піспекті қабылдағыш

5.5 Сынамаға арналған қабылдағыштар

5.5.1 Алынатын өнім қасиеттеріне байланысты нақты көлемді қабылдағыштар ретінде әйнек немесе пластмасса шөлмектерді, металл канистрлерді немесе банкаларды пайдалануға болады. Металл жүксауыттар үшін тиісті материалдан ішкі төсемдер қарастырылуға тиіс. Лакталған төсемдері бар банкалар мен канистрлерді пайдалануға болады.

5.5.2 Көлемі ауыспалы қабылдағыштар сынама төмен және жоғары қысым кезінде алынған кезде қолданылады.

Төмен қысым кезінде сынама алу үшін алынбалы-салынбалы жүксауыттар мен ішкі диафрагмалары қозғалатын құтылар, жоғары қысым кезінде – ішкі піспегі бар, сынама піспектің басқа жағынан толған кезде ол газ кеңістігімен жылжитын құтылар пайдалануға болады. Жоғары қысым кезінде сынама алуға арналған көлемі ауыспалы қабылдағыш (піспегі жылжитын құты) 13-суретте көрсетілген.

Е с к е р т п е – Көлемі ауыспалы қабылдағыштардың кейбір модельдерінде екі піспек болады, оның өзі сынаманың орталық араластырғыш (14-сурет) арқылы сан мәрте өткізу жолымен оның ішінде араластырылуына (сынама екінші қайтара алынғанға дейін) мүмкіндік береді.

5.5.3 Пайдаланылар алдында көлемі ауыспалы қабылдағышта қысым нөлдік деңгейге дейін төмендетіледі (піспектің қарама-қарсы жағын оқшау газбен толтыру жолымен). Сынаманың толуына қарай оның көлемі не инертті газдың сығымдалуы есебінен, не инертті газ қысымының бірте-бірте төмендеуі есебінен ұлғаяды.

5.5.4 Қабылдағыш сыйымдылығы алынатын сынаманың талдау жасау үшін қажетті мөлшеріне (және/немесе сақтау ұзақтығына) байланысты.

5.5.5 Алынатын сынаманың бұрынғы сынамалар және/немесе сынамақабылдағыш шайылған ерітінділер қалдықтарымен араласуына жол бермеу үшін қабылдағышты қолданылар алдында іріктелген сұйықтықпен шаю қажет.

5.5.6 Алынған сынама, мүмкіндігінше, зертханаға алғашында алынған құтыда (сынамаға арналған бастапқы жүксауыт) тасылуға тиіс. Сондықтан сынаманы екінші жүксауытқа тасуды қажет етпейтін әдістерді қолданған жөн.

5.5.7 Сынаманы ұзақ сақтау үшін сынаманың тұтастығын сақтау мақсаттарында пластмасса қабылдағыштарды, ол материал мен сынаманың өзара әсер етпейтіні дәлелденгеннен басқа жағдайларда, пайдалануға кеңес берілмейді. Желілік емес полиэтиленнен жасалған жүксауыттарды пайдалану сынаманың ластануына әкеліп соғуы мүмкін.

5.6 Қабылдағыштарға арналған қақпақтар

5.6.1 Көлемі нақты қабылдағыштарды жабу үшін тығындар немесе бұралатын пластмасса немесе металл қақпақтар қолданылады. Резеңке тығындарды пайдалануға жол берілмейді. Тығындар өте сапалы және бөтен бөлшектер мен тозаңнан таза болуға тиіс. Оларды жаншылау немесе сығымдау жолымен жұмсарту және сынаманың жылыстауына не буланауына жол бермеу үшін ыдыстың аузын жабу керек. Қажет болған кезде лайықты материалдан жасалған қорғағыш қақпақты пайдалануға болады.

Тез буланатын сынамалар үшін ныгыздағыш төсемдері бар бұралатын қақпақтар пайдаланған жөн.

5.6.2 Қабылдағыштардың бірінің тығындарын басқа қабылдағыштарға пайдалануға жол берілмейді, өйткені тығындарды жуу қиын және олар жаңа сынаманың құрамы өзгеше ескі өнімдер қалдықтарымен ластануының себебі болуы мүмкін. Қабылдағыштар үшін тығындарды тек өнімнің бір түріне ғана қайта қолдануға болады (дегенмен, бұлай істеуге де кеңес берілмейді).

5.6.3 Қабылдағыштар үшін бұралатын қақпақтарда мұнайға төзімді материалмен қапталған тығындық дискілі балдақтар немесе сығымдалатын пластик төсемдер болуға тиіс. Балдақтар бір рет қолданылатын болуға тиіс. Қақпақ қайталап пайдаланылатын болса, балдақтар жаңаларына ауыстырылуға тиіс. Төмен қысым үшін көлемі ауыспалы қабылдағыштарды осындай қақпақтармен жабуға болады.

5.6.3 Жоғары қысымдағы көлемі ауыспалы қабылдағыштар тиісті клапандармен жабдықталған. Сонымен бірге, сынама алынған жерінен зертханаға дейін тасылар алдында, жоғары қысымды қабылдағыштар клапандары қосылған жерлерді оқшаулау үшін қосымша жоғарғы қақпақтар қажет болуы мүмкін.

5.7 Сынамаларды салқындату

5.7.1 Сынамаларды салқындату үшін салқындатуға арналған, ішкі диаметрі қажетті жіксіз мыс түтіктен немесе басқа да лайықты түтіктен жасалған ирек түтік пайдаланылады, ол ашық тасымалды сынамаалғышта оның пайдаланылуы кезінде суға (су мен мұз қоспасы) батырылатындай етіп орнатылады. Егер ирек түтік жабық сынамаалғыш ішінде болса, ол салқындатқыш сұйықтықтың айналуы есебінен салқындатылады

5.7.2 Ирек түтіктің кірме саңылауы оны сынамаалғыш клапанымен жалғастыратын ернемекпен немесе басқа құрылғымен жарақтандырылуға тиіс. Кірме саңылау ашық болуға тиіс. Сынама алынар алдында ирек түтікті салқындатқыш сұйықтықпен жуу қажет.

Сынамаларды салқындатуға арналған құрылғыларды тек тағайындалымы бойынша пайдалану қажет (7.2.3.2 қараңыз).

6 Қауіпсіздік талаптары

Алынатын өнімнің қасиеттерін және белгілі зиянды әсерін ескеру қажет, өйткені тиісті қауіпсіздік шараларының таңдалуы соларға байланысты (А қосымшасын қараңыз).

7 Құрамы бойынша біркелкі мұнай сұйықтықтарының сынамаларын алу шаралары

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Осы бөлімде құрамы біртектес сұйықтықтар сынамаларын алу әдістері белгіленген. Шикі мұнай мен біртектес емес сұйықтықтар сынамаларын алу әдістері 8-бөлімде берілген.

7.1.2 Ескетілген жағдайлардан басқа, құрама сынамалар олардың одан әрі пайдаланылуына байланысты сынамалар алудың белгіленген әдістеріне сәйкес алынады. Әдетте жергілікті жоғарғы, ортаңғы және төменгі сынамалар немесе жоғарғы, ортаңғы және шығыс саңылаудан алынатын сынамалар іріктеледі.

Алынатын жергілікті сынамалардың ең аз мөлшері 1-кестеге сәйкес келуге тиіс.

Е с к е р т п е – Егер сұйыққоймадағы сұйықтық деңгейі 4,5 метрден кем болса, жергілікті сынамаларды 1-кестеде көрсетілгеннен кем мөлшерде алуға рұқсат етіледі.

1-кесте – Жергілікті сынамаларды алу. Ең төменгі талаптар

Мұнайдың немесе мұнай өнімінің деңгейі, м	Сынама түрі		
	жоғарғы	ортаңғы	төменгі
≤ 3,0		X	
<3,0 және ≤ 4,5	X		X
> 4,5	X	X	X

7.2 Сақтық шаралары

7.2.1 Жалпы ережелер

7.2.1.1 Сынамада ол алынатын өнім ғана болуға тиіс. Сынаманы сынамаалғыштан қабылдағышқа ауыстыру кезінде тиісті сақтану шараларын, мысалы, сынаманың жаңбыр суымен ластануына немесе булануына жол бермеу шараларын орындау керек. Сынама алу әдістері мүмкіндігінше сынаманың ауыстырылуына жол бермеуге тиіс, яғни сынаманы зертханаға бастапқы сынамаалғышта тасымалдаған дұрыс.

Е с к е р т п е – Сынаманы ауыстыру кезінде әдетте жеңіл түйіршіктер ысырап болады (оның өзі бу тығыздығы мен қысымына әсер етеді) және мұнай мен ластандырғыш заттардың, мысалы су мен жауынның салыстырмалы пропорцияларындағы өзгерістерге әкеліп соғады.

7.2.1.2 Сынамалар алумен шұғылданатын қызметкерлер сынамалар алудың тиісті әдістері бойынша жұмыстар жүргізу жөніндегі нұсқаулықтан өтуге тиіс. Белгілі бір сынаулар үшін сынамалар алу кезінде сақтық шараларын сақтау және сынау нәтижелерін тадап беру үшін дәл шараларды мұқият орындау қажет. Бұл қосымша сақтану шаралары осы стандарттың бір бөлігі болып табылмайды, бірақ сынау әдісінде немесе сыналатын өнімге арналған техникалық шарттарда көрсетілуге тиіс.

7.2.1.3 Сынамаларды тесілмеген түтіктерден, бұрма келтеқұбырлардан және қадаушадан алмау керек, өйткені оларда құрамы бойынша сұйыққоймадағы өнімге ұқсамайтын өнім болады.

Сынамалар тек өнімнің түтікке және одан кері емін-еркін ағуына мүмкіндік беретін тесіктері немесе тіліктері бар түтіктерден ғана алынады.

Е с к е р т п е – Өнімнің түтікке және одан кері емін-еркін ағуы үшін диаметрі 25 мм, арасындағы қашықтық 300 мм тесіктердің немесе ені бірдей 25 мм екі қатар айқара кесіктер болуы жеткілікті.

7.2.1.4 Сынамаалғыштар мен сынамақабылдағыштар алынатын өнімнің еріткіш әсеріне тұрақты және өткізбейтін болуға (5.1 қараңыз).

7.2.1.5 Сынамалар алуға арналған барлық жабдықтардың, соның ішінде қақпақтардың таза және құрғақ екеніне көз жеткізу үшін оларды мұқият қарап шығу қажет.

7.1.2.6 Сынамаалғышта сынаманың ұлғаюы үшін қажетті кемінде 5 % бос кеңістік қалдырылады. Егер сұыққоймадан тек жергілікті сынамалар алынатын болса, одан сынамаалғыш шығарылғаннан кейін қабылдағышқа қажетті мөлшері құйылады.

Е с к е р т п е л е р

1 Егер сынамада өлшемген су немесе эмульсиялық қабат бар болса, соның салдарынан сынама қабылеттілігінің бұзылуы мүмкін болғандықтан, сынамаалғышта бос кеңістік болу үшін шаюды жүргізу ұсынылмайды.

2 Шаюды көлемі ауыспалы емес нақты сынамаалғыштар пайдалану кезінде жүргізуге болады.

7.2.1.7 Толтырылып, жабылғаннан кейін сынамаалғыш алынған өнімнің ықтимал жылыстауын жою үшін қарап шығылады.

7.2.1.8 Егер ұшпалығына немесе басқа себептерге байланысты көлемі шағын сынамаларды араластыру жолымен алуға болмайтын көлемді сынамалар іріктеу қажет болса, сұйыққойма ішіндегі өнімді қолда бар құралдар көмегімен (мысалы, айналдыру жолымен немесе сұйыққойманың бүйірлік араластырғыштарымен) мұқият араластыру қажет. Алынған қоспаның біртектілігі 4.2 және 8.2.1-тармақшаларға сәйкес түрлі деңгейлерден алынған сынамаларды сынау көмегімен тексеріледі. Сынамаалғыш оның түбіне дейін жететін кірме келтеқұбыр көмегімен, сұйыққоймның бүйірлік шүмектері немесе сорғының немесе сифонның шығыс клапаны арқылы толуға тиіс.

7.2.2 Арнаулы талдаулар үшін сынамалар іріктеу

7.2.2.1 Егер сынамалар кейбір элементтердің, мысалы, қорғасынның құрамын анықтау үшін іріктелетін болса, арнайы әзірленген сынамаалғыштар қажет болуы мүмкін. Сынама алу кезінде пайдаланылатын қосалқы жабдық пен арқан сынаманы ластамауға тиіс. Сынаманың кездейсоқ ластануына жол бермеуге ерекше көңіл бөлу керек (мысалы, өнімде натрий мөлшерін анықтау үшін оның сынамасын алу кезінде оған дейін кеме палубасында теңіз суы сіңген арқанды пайдалануға болмайды).

7.2.2.2 Егер сынама өздеріне арналған сынаулар нақты талаптарды, мысалы, өнімнің мыс тілімшге жемірілуі әсерін анықтауды қамтитын болса, сынамалар әйнегі қошқыл түсті ыдысқа алынады және сынаулар басталғанға дейін жарық түсуден сақталады.

Е с к е р т п е – Сынама алудың кез келген басқа әдісі сынаулар нәтижелеріне ықпал етуі мүмкін.

7.2.2.3 Егер су мөлшерін анықтау, қышқылдануға қарсы тұрақтылықты, шайырдың бар-жоғын және т.т. анықтау қажет болса, сынамаалғыштың қоқырлар мен басқа да химикаттар сияқты ластындырушы заттар жоқ болатындай етіп тиісті түрде дайындалуын қамтамасыз ету қажет.

7.2.3 Оңай буланатын өнімдер сынамасын іріктеу

7.2.3.1 Оңай буланатын мұнайдың немесе мұнай өнімінің тығыздығын, қаныққан бу қысымын немесе түйірлік құрамын анықтау үшін іріктелген сынаманы бастапқы сынамаалғышта жеңіл түйіршіктер ысырабына жол бермеу үшін төңкерілген күйінде тасымалдау және сақтау қажет.

7.2.3.2 Сұйықтықтың қасиеттері мен температурасына, қоршаған ортаның температурасына және сол сынама іріктелетін мақсатқа байланысты мынадай сақтану шараларын орындау қажет:

- сынама алынатын жерінде салқындатқыш құрылғылар пайдаланылып салқындатылады;
- сынама алынар алдында сынамаалғыш қажетті температураға дейін салқындатылады;
- сынамаалғыш салқындатылған күйінде ол жабылғанға және зертханаға жеткізілгенге дейін сақталады.

Сынамаалғышты салқын ортаға, мысалы ішінде мұз бар сыйымдылыққа батыра отырып салқындатуға болады. Бұл жағдайда санаманың салқындатылуы нәтижесінде парафиннің және/немесе басқа да ауыр құрауыштардың ішінара бөлінбеуін қадағалау қажет.

Егер сынаманы салқындату кезінде парафин немесе басқа да ауыр құрауыштар сынамаалғыш қабырғасына тұнуы болса, онда келесі сынамалар ұсынылатын болмайды. Шикі мұнай сынамаларын парафин балқитын температурадан 3°С-дан астам салқындатуға болмайды. Егер парафин балқитын температура қоршаған орта температурасынан жоғары болса, келесі сынама алудан бұрын бастапқы сынаманы қыздыру қажет болуы мүмкін.

7.2.4 Сұйыққойманың бүйір қабырғасында немесе құбырда орналасқан шүмектен сынама іріктеу

Сұйыққойма қабырғасындағы шүмекті немесе құбырды сынама іріктеу үшін пайдалану кезінде мынадай қосымша сақтық шаралары қабылданады:

- сынама алынар алдында бұрынғы операциялар кезіндегі барлық қалдықтардан тазарту үшін сынама алынатын барлық желі судың қатты ағынымен шайылады;
- көлемі нақты сынамаалғышты толтыру кезінде сынама алуға арналған қотару келтеқұбыры сынамаалғыштың түбіне дейін дерлік жетуге тиіс. Көлемі ауыспалы сынамаалғышты толтыру кезінде сынама алынатын барлық желіні шаю мүмкіндігі болуға тиіс;

- егер сынама алынатын өнім ұшпалы болса, сынамаалғышты қажетті температураға дейін салқындату немесе сынама іріктеу желісіне орнатылған салқындатқышты пайдалану керек (5.7 қараңыз);

- егер сынама алынатын мұнайдың қату температурасы жоғары болса, сынаманың қатып қалуына жол бермеу үшін, сынама алынатын барлық желіні қыздыру немесе сол желідегі жалғанған жерлерді қыздыру қажет болуы мүмкін.

7.2.5 Таңбалау мен тасымалдау

7.2.5.1 Сынамаға арналған қабылдағыштар айқын таңбаланады, бұл жағдайда байланатын затбелгілерге артықшылық беріледі. Затбелгілерде жуылмайтын жазу жазылып, онда мыналар көрсетілуге тиіс:

- сынаманы іріктеу орындары;
- күндері;
- оператордың аты-жөні немесе басқа да тану белгілері;
- өнім сипаттамасы;
- сынама саны;
- сұйыққойма немесе танк нөмірі, қаптама нөмірі мен түрі, кеме атауы;
- сынама түрі;
- сынама іріктейтін құрылғы;
- басқа да қосымша мәліметтер.

7.2.5.2 Сынаманы белгіленген жерге жіберу кезінде тасымалдаудың барлық тиісті ережелері сақталуға тиіс. Сынаманы әлдебір бума материалдармен ластаудың кез келген мүмкіндігіне жол берілмеуге тиіс.

7.3 Сұйық зат таситын кеменің танкісінен сынама іріктеу

7.3.1 Жағалаулық сұйыққоймалар

7.3.1.1 Тік цилиндрлі сұйыққоймалар

7.3.1.1.1 Жергілікті сынамалар іріктеу

Сынамаалғыш саңылауы белгіленген деңгейге жеткенге дейін батырылады, содан соң ол ашылып, толғанға дейін сол жағдайда ұсталады. Сынамаалғыш сыртқа шығарылады, содан кейін сынаманың шағын мөлшері бос кеңістік алу үшін сұйыққоймаға кері құйылады, сынамаалғыш саңылаусыз жабылады немесе сынама түгелдей қабылдағышқа абайлап құйылады.

Егер сынамаалғыш температурасы мен алынатын өнім температура арасында елеулі айырмашылық бар болса, сынамаалғыш толтырылар алдында ашылатын механизм іске қосылардан бұрын, 1 минуттан 2 минутқа дейін 300 мм-ге жуық қашықтыққа жоғары-төмен қозғалтылады.

Сынамаларды түрлі деңгейлерден алу кезінде сынамаларды, өнімнің төменгі деңгейде шайқалуына жол бермеу үшін, жоғарыдан төмен қарай рет-ретімен алу қажет.

Сынамаалғыш аймақтық сынамалар алу үшін қолданылған кезде оны өте абайлап батыру керек (оның жоғарғы және төменгі жағындағы көптеген саңылаулар сұйыққойма ішіндегі өнімнің сынамаалғыш арқылы оның батырылуына қарай өтуіне, сол арқылы оны шаюына мүмкіндік береді). Белгіленген деңгейге жеткеннен кейін клапандар жабылады, сынамаалғыш шығарылады және бүкіл сынама екінші жүксауытқа (қабылдағышқа) абайлап құйылады.

Егер аймақтық сынамаалғыш құрылмасы батыру кезінде оның толық шайылуына мүмкіндік бермесе, клапандарды жабардан бұрын сынамаалғышты екі-үш рет төмен түсіріп жоғары көтеру ұсынылады. Төмен түсіру және жоғары көтеру үшін арақашықтық сынамаалғыш биіктігіне тең болуға тиіс.

Үстіңгі бет жанынан сынама алу үшін, жабылмаған сынамаалғыш сұйыққоймаға аузы сұйықтық бетінен сәл жоғары болғанға дейін абайлап батырылады, содан соң ол

сұйық бетінің деңгейінен 150 мм төмен тез батырылады. Сынамаалғыш толғаннан кейін, ал оны ауа көбіршіктері бөлінуінің тоқтауынан білуге болады, ол сыртқа шығарылып, жергілікті сынама алу кезіндегідей іс-қимыл жасалады.

7.3.1.2 Құрама сынамаларды іріктеу

Құрама сынама бір сұйыққоймадан (мысалы, жоғарғы, ортаңғы және төменгі жергілікті сынамалардың еселенген бөлшектерін араластыру жолымен), не бір өнім тиелетін кеме үшін құрама сынама іріктеу үшін бірнеше сұйыққоймадан іріктеліп өлшенген жергілікті сынамалардан жасалады.

Құрама сынама барлық іріктелген көлемнен оны алдын-ала бөлместен жасалады. Сондықтан бастапқы сынамаалғыштың сыйымдылығы алынған өнімнің бүкіл көлемі одан әрі тасымалдау үшін оған кіретіндей болуға тиіс.

Егер құрама сынаманың алынған көлемінен аз көлем қажет болса, бастапқы көлемнің құрама сынамасы алынған сынаманы біркелкі араластыруға, көлемді қажет етілетін деңгейге дейін кемітуге және сапа көрсеткіштерін анықтауға арналған жабдықпен жарақтандырылған зертханаға жіберіледі.

Құрама сынаманың кез келген түрін дайындау үшін өлшерген жеке сынамалар құрама сынамаларға арналған контейнерге ауыстырылып, абайлап араластырылады. Жекелеген сынамалар мөлшері олардың әрқайсысының мөлшеріне тепе-тең болуға тиіс.

Егер араластырылуға тиісті сынамалар көлденең қимасының көлемі біркелкі емес сұйыққоймадан (немесе бірнеше сұйыққоймалардан) іріктелген болса, өлшемді сынаманы сақтау мақсатында сынамалар көлемін дәл өлшеу шарасын белгілеу қажет. Ондай процедура мүмкіндігінше зертхана жағдайларында жүргізілуге тиіс.

Е с к е р т п е – Жеңіл түйіршіктердің буланууы және су/шөгіндінің бастапқы сынамаалғыш қабырғасына жабысуы құрама сынаманың өлшемді сипатына әсер етуі мүмкін (7.2.3 қараңыз).

Қабылдау ережелері мүдделі тараптар арасында келісілгенге дейін сынаулар жүргізу үшін құрама сынамалар дайындауға кеңес берілмейді. Жергілікті сынамаларды күш қолдана араластыруға балама ретінде жергілікті сынамалар сапасының көрсеткіштерін анықтауға, ал алынған нәтижелер негізінде әрбір жергілікті сынама салмағын негізе ала белгілі бір көрсеткіш мәнін есептеуге болады.

7.3.1.1.3 Түптік сынама іріктеу

Түптік сынама іріктеуге арналған сынамаалғыш жіпке байланып, тік күйінде сұйыққойма немесе көлік құралы түбіне баяу түсіріледі. Түпке тиген кезінде клапан ашылып, сынамаалғыш ішіне мұнай немесе мұнай өнімі құйыла бастайды. Сынамаалғыш осы жағдайда сынама толғанға дейін ұсталады. Толған сынамаалғыш жоғары көтеріліп, оның саңылаусыздығы мұқият тексеріледі. Жылыстау байқалған жағдайда, сынама кері төгіліп, сынамаалғыш тазартылады да қайта толтырылады. Қажет болған жағдайда, бастапқы жүксауыт ішіндегі сынама, соның ішінде су мен сынамаалғыш қабырғасына жабысып қалуы мүмкін қатты қоспалар екінші жүксауытқа ауыстырылады.

7.3.1.1.4 Шектік сынамаларды іріктеу

Клапандары ашық сынамаалғыш сұйықтық сынамаалғыш арқылы ағатындай етіп төмен түсіріледі. Белгіленген деңгейде клапандар жабылып, сынамаалғыш сұйықтан шығарылады.

Егер сынама алынатын мөлдір түтік қолданылатын болса, фазалар бөлінген шекті сол түтік қабырғасы арқылы көзбен көруге, ал сол шектің сұйыққойма ішінде орналасуын бөлшемделген рулетка көмегімен анықтауға болады. Сынамаалғышты фазалар бөлінген шекте орнату кезінде клапандардың жабық болуы қажет. Клапан жабық болмаса сынама алуды қайталау керек.

Е с к е р т п е – Іріктелген сынаманы сынаулар жүргізу үшін сақтауға болады.

7.3.1.1.5 Сұйыққойма шүмегінен (бүйір жағындағы) сынама алу

Бұл әдіс артықшылығы бар деп саналмайды, сондықтан басқа әдістер мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылады.

Шүмек диаметрі кемінде 12,5 мм болуға тиіс. Шүмектер сұйыққойманың бүйір жақ қабырғасының биіктігі бойынша тең аралықпен орнатылуға және оларда сұйыққойма ішіне кемінде 150 мм қашықтыққа кіретін ұзын түтіктер болуға тиіс. Бұған қақпақтары қалқымалы, бұл құрылманы жасауға болмайтын сұйыққоймалар жатпайды. Төменгі шүмек сору түтігі деңгейінде болуға тиіс (7.2.4 қараңыз). Сынама алынар алдында шүмек ұзартқышпен немесе бұрма келтекұбыр сүртілетін өніммен шайылып, сынама сынамаалғышқа немесе қабылдағышқа салынады.

Алдын ала сақтандыру: Егер сынама қысыммен алынатын болса, шүмектерді абайлап ашу керек. Жабық ұзартқышты ашық клапан арқылы өзекпен тазартуға кеңес берілмейді.

Егер сұйыққойма ішіндегі өнім деңгейі сұйыққойманың жоғарғы немесе ортаңғы шүмегіне, одан бөлек үш шүмекке жетпесе, сынама былайша алынады:

а) егер сұйыққойма ішіндегі өнім деңгейі ортаңғы шүмектен гөрі жоғарғы шүмекке жақындау болса, ортаңғы шүмектен сынаманың 2/3 бөлігі және төменгі шүмектен 1/3 бөлігі алынады;

б) егер сұйыққойма ішіндегі өнім деңгейі жоғарғы шүмектен гөрі ортаңғы шүмекке жақындау болса, сынаманың жартысы ортаңғы шүмектен және екінші жартысы төменгі шүмектен алынады. Егер сұйыққойма ішіндегі өнім деңгейі ортаңғы шүмектен төмен болса, сынама түгелдей төменгі шүмектен алынады.

7.3.1.1.6 Барлық деңгейлерден сынамалар іріктеу

5.2.6-тармақшада қолда бар жабдықтың алуан түрлері суреттелген. Барлық деңгейлерден сынамаалғыштар екі түрлі болады: «жоғарыдан-төмен» және «төменнен-жоғары», олардың әрқайсысы үшін сынамаалғыш сұйыққойма ішіндегі өнім арқылы бір бағытта қозғалған кезде оны толтырудың өз әдістері болады, олар сынамаалғыштың әрбір түрін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда берілген.

Төменде барлық деңгейлерден (төменнен-жоғары) жүгі бар ұстатқышта орнатылған шөлмек (немесе ауырлатылған металл канистр) көмегімен сынама алу сипатталған.

Жабық шөлмек немесе канистр сұйыққойма түбіндегі тауарасты суының деңгейіне тимейтіндей етіп сұйыққойма түбіне түсіріледі. Жіпті жұлқи тарта тығын суырып алынады да, сынамаалғыш кідіріссіз және тоқтаусыз біркелкі жылдамдықпен жоғары көтеріле бастайды.

Жоғары көтеру жылдамдығы шөлмек немесе канистр жоғарыға көтерілген кезде шамамен 80 %, бірақ 90 %-дан аспай толатындай етіп таңдалады. Шөлмек аузы тез бітеледі не жабылады немесе сынама тасымалдау үшін канистрден түгелдей екінші қабылдағышқа абайлап құйылады (5.2.6 қараңыз).

Егер жоғарыға көтерілген сынамаалғыш 90 %-дан кем толған болса, оны сұйыққойма ішіндегі өнім арқылы көтеру кезінде оған мұнай барлық деңгейлерден құйылды деп санауға болады. Егер сынамаалғыш 90 %-дан астам толған болса, сынаманың өлшемді болмауы мүмкін. Сондықтан сынаманы қайта төгіп, сынамаалғышты шапшаңырақ көтере сынама алуды қайталау керек.

Ескертпелер:

1 Көлемі нақты сынамаалғышты барлық деңгейлерден сынама алу үшін пайдаланудың артықшылығы бар деп саналмайды, өйткені оның біркелкі шапшаңдықпен толатыны анықталмаған. Сонымен қатар, сынамаалғышты біркелкі толтыру үшін оны талап етілетін шапшаңдықпен түсіру мен көтеру оператор үшін қиын болуы мүмкін. Сынамаалғышты сұйыққойма ішіндегі өнім арқылы өткен қашықтыққа тең шапшаңдықпен толтыру үшін көлемі ауыспалы барлық деңгейлерден сынама алуға арналған сынамаалғышты қолдану керек.

5.2.6-тармақшада қолданылуы сынама өлшемділігін қамтамасыз ететін сынамаалғыштар сипаттамасы берілген.

2 Егер сұйыққойма түбінде тауарасты суы бар болса, түбі жабылатын, «жоғарыдан-төменге» принципі бойынша толатын сынамаалғышты абайлап қолдану керек. Мұндай жағдайлар үшін реттелетін, сынамаалғыш тауарасты суының деңгейіне жетерден бұрын оны жабатын «шаппасы» бар сынамаалғыш қолдану ұсынылады.

7.3.1.1.7 Бірнеше деңгейлерден ортаңғы сынамалар іріктеу

5.2.5-тармақшада осы мақсаттар үшін қолда бар жабдықтың алуан түрлері сипатталған.

Е с к е р т п е – Көлемі нақты сынамаалғышты барлық деңгейлерден сынама алу үшін пайдаланудың артықшылығы бар деп саналмайды, өйткені оның біркелкі шапшаңдықпен толатыны анықталмаған. Сонымен қатар, сынамаалғышты біркелку толтыру үшін оны талап етілетін шапшаңдықпен түсіру мен көтеру оператор үшін қиын болуы мүмкін.

Барлық деңгейлерден жүгі бар ұстатқышта орнатылған және қажет болған жағдайда, шөлмектің толуын шектейтін лайықты құрылғымен жарақтандырылған шөлмек (немесе ауырлатылған металл канистр) көмегімен сынама былайша алынады.

Ашық шөлмек немесе канистр сұйыққойма түбіне түсіріледі, бұл жағдайда сұйыққойма түбінде тауарасты суы болмауға тиіс. Сынамаалғыш кідіріссіз және тоқтаусыз біркелкі жылдамдықпен жоғары көтеріледі.

Толуды шектеу құрылғысының өтпелі саңылауының мөлшері және/немесе жоғары көтеру – төмен түсіру жылдамдығы шөлмек немесе канистр жоғарыға көтерілген кезде шамамен 80 %, бірақ 90 %-дан аспай толатындай етіп таңдалады. Шөлмек аузы тез жабылады немесе сынама тасымалдау үшін түгелдей канистрден екінші қабылдағышқа абайлап құйылады (5.2.5 қараңыз).

Шектеу құрылғысының өтпелі саңылауының мөлшері сұйыққойма ішіндегі өнімнің тұтқырлығы мен деңгейіне байланысты таңдалады, содан соң сынамаалғышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықта айтылған ұсыныстар пайдаланылады. Егер алынған сынама мөлшері сынамаалғыш сыйымдылығының 95 %-дан астамын алатын болса, сынама кері төгіліп, толуды шектеу құрылғысының өтпелі саңылауының басқа мөлшері таңдалады және/немесе сынамаалғышты жоғары көтеру – төмен түсіру жылдамдығы ауыстырылады.

Егер жоғарыға көтерілген сынамаалғыш 90 %-дан кем толған болса, оның сұйыққойма ішіндегі өнім арқылы өтуі кезінде оған мұнай барлық деңгейлерден құйылды деп санауға болады. Егер сынамаалғыш 90 %-дан астам толған болса, сынаманың өлшемді болмауы мүмкін, сондықтан сынаманы қайта төгіп, сынамаалғышты шапшаңырақ көтере сынама алуды қайталау керек. Бірнеше деңгейлерден ортаңғы сынамалар алуға арналған сынамаалғышпен жұмыс істеу кезінде, егер сұйыққойма түбінде тауарасты суының болуы мүмкін болса, ерекше абай болу керек.

Егер жоғарыға көтерілген сынамаалғыш 90 %-дан кем толған болса, оны сұйыққойма ішіндегі өнім арқылы көтеру кезінде оған мұнай барлық деңгейлерден құйылды деп санауға болады. Егер сынамаалғыш 90 %-дан астам толған болса, сынаманың өлшемді болмауы мүмкін, сондықтан оны кері төгіп, сынама алуды қайталап сынамаалғышты шапшаңырақ көтеру керек.

Тауасты суы, әдетте, ондай сынамалар құрамына кірмейді, бірақ оның мөлшері жеке немесе сынаманы түптен сынамаалғыш көмегімен алу кезінде шектік сынамалар үшін ескерілуге тиіс.

7.3.1.2 Көлбеу цилиндрлі немесе эллипс түріндегі сұйыққоймалар

Егер басқадай нұсқаулар жоқ болса, жергілікті сынамалар 7.3.1.1.1 сәйкес 2-кестеде көрсетілген деңгейлерден алынады. Құрама сынама жергілікті сынамаларды 2-кестеде көрсетілген пропорцияларда араластырыла отырып жасалады.

Е с к е р т п е – Өткізуші және қабылдаушы тараптар арасындағы өзара келісім бойынша қолда бар көлемнің 50 %-на сәйкес жерде бір жергілікті сынама алынады. Нұсқа ретінде 7.3.1.1 сипатталған әдістердің бірін пайдалануға болады.

7.3.1.3 Геометриялық пішіні өзгеше сұйыққоймалар

Сфералық сұйыққоймалардан және пішіні дұрыс емес сұйыққоймалардан жергілікті сынамалар 7.3.1.1.1 сәйкес алынады. Көлемнің сұйыққойма биктігі бойымен бөлінуін ескеру үшін сынамалар алынатын нақты деңгейлер анықталады.

7.3.1.4 Булануды бұғаттайтын клапандары бар сұйыққоймалар

2-кесте – Көлбеу цилиндрлі сұйыққоймалардан сынамалар іріктеу

Өнім бағанының биіктігі (сұйыққойма диаметрінен %)	Сынама алу деңгейі сұйыққойма диаметрінен %, (есеп түптен жүргізіледі)			Құрама сынама Сұйыққоймадағы өнімнің түрлі деңгейлерінен алынған оқшау сынамалардың арақатысы (бөліммен)		
	жоғарғы	ортаңғы	төменгі	жоғарғы	ортаңғы	төменгі
100	80	50	20	3	4	3
90	75	50	20	3	4	3
80	70	50	20	2	5	3
70		50	20		6	4
60		50	20		5	5
50		40	20		4	6
40			20			10
30			15			10
20			10			10
10			5			10

7.3.1.4.1 Сынамалар алу үшін тасымалды сынамаалғыш пайдаланылады. Егер ол сұйыққоймада орнатылған буланудыбұғаттайтын клапандармен үйлеспейтін болса, газ өткізбейтін бейімдегіш пайдаланылады. Бұл жағдайда алынатын сынама түріне (жергілікті, аймақтық, түптік, шектік, ортаңғы, барлық деңгейдегі) байланысты лайықты сынамаалғыш таңдалып, ол арқанмен шығырға жалғастырылады. Сынама алу үшін клапанды іске қосатын кез келген құрылғы орнатылады. Қажетті өтім қимасы бар толуды шектеу құрылғысы таңдалады (бірнеше деңгейлерден ортаңғы сынама және барлық деңгейлерден сынама алынған жағдайда).

7.3.1.4.2 Булануды бұғаттайтын клапанның толық жабық екеніне көз жеткізу қажет, содан соң қорғағыш қаптама/қақпақ алып тасталады. Клапанның үстіңгі беті мен тасымалды сынамаалғыштың үстіңгі беті тексеріледі. Ол бөтен материалдар ізінсіз тап-таза болуға тиіс. Олай болмаған жағдайда, оның өзі тасымалды сынамаалғыштың берік жабылмауына және газ өткізбеу қабылетінің кемуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Е с к е р т п е – Тасымалды сынамаалғыш пен сұйыққойма арасындағы жерге қосу әдетте темір арқан арқылы жүзеге асырылады, бірақ жерге қосатын жеке құрылғы болуы мүмкін.

7.3.1.4.3 Тасымалды сынамаалғыш клапанға бекітіліп, қосудың дұрыстығы тексеріледі, содан соң жалғастыру құрылғысы тартып байланып қажетті бағытта бекітіледі. Егер тасымалды сынамаалғыштың жерге қосатын жеке құрылғысы бар болса, ол сұйыққоймадағы тиісті жерге бекітіліп, жерге қосудың бар-жоғы тексеріледі.

7.3.1.4.4 Булануды бұғаттайтын клапан толық ашылып, тасымалды сынамаалғыштың арқанын тарқата отырып, сынамаалғыш сұйыққоймаға абайлап түсіріледі. Пайдаланылатын сынамаалғыштың түріне байланысты сынамалар 7.3.1.1 берілген әдістерге сәйкес алынады. Сынама алу кезінде сынамаалғыштың буланудыбұғаттайтын клапанынан ол жабылғанға дейін толық ажыратылуы қадағаланады. Сынама

алынғаннан кейін клапан толық жабылады, содан соң тасымалды сынамаалғыш ашылады және/немесе сынама екінші жүксауытқа ауыстырылады.

7.3.1.4.5 Егер толу көлемі шағын тасымалды сынамаалғыш пайдаланылатын болса, ол 7.3.1.1 сәйкес таңдалады және қажет болған жағдайда, тасымалдау үшін екінші қабылдағышқа ауыстырылады.

Егер сынама жабық үлгідегі тасымалды сынамаалғышпен алынған болса, ол тек көлемі нақты/ауыспалы тасымалдау қабылдағышында бекітілген газ өтпейтін тасымалды сынамаалғыш көмегімен тасымалданады.

Е с к е р т п е – Толу көлемі шағын тасымалды сынамаалғышты, сондай-ақ жабық үлгідегі тасымалды сынамаалғышты қайталап пайдалану кезінде тасымалды сынамаалғышты бекітетін ішкі бөлшектердің (сондай-ақ сынамаалғыштың өзінің) таза екеніне көз жеткізу қажет.

7.3.1.5 Сынамалар алуға арналған клапандары болатын қымтақталған сұйыққоймалар

Кейбір қымтақталған сұйыққоймалар, мысалы, LGP Spheres, Bullets үлгісіндегі сұйыққоймалар сынамалар сұйыққойманың түрлі деңгейлерінен алынуын қамтамасыз ету үшін қармауыштармен (зондтармен) жабдықталуы мүмкін. Сондай-ақ қымтақталған сұйыққоймалар үшін клапандардың басқа құрылымдары қолданылуы мүмкін. Барлық жағдайларда 7.4.3 сәйкес сынамалар алудың қымтақталған әдістерінің бірі қолданылады.

7.3.2 Сұйық жүк тиелетін кеме танкісі

7.3.2.1 Жалпы ережелер

Егер сынамалар алудың ашық әдісін қолдануға жол берілсе, 7.3.1.1 және 7.3.2.2-7.3.2 сәйкес таңдау процедурасы қолданылады. Сынамалар алудың шектеулі немесе жабық әдісі 7.3.1.4 және 7.3.2.2-7.3.2.4.4 сәйкес орындалады.

Кемедегі жүк тиеу операциялары кезінде көмірсутегінің атмосфераға шығуы мүмкін, оның өзі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына қайшы келеді. Оның өзі жүк сынамаларын ашық жүктесіктер мен шолу порттары арқылы алудың дәстүрлі әдістерінің шектелуіне, ал кейбір жағдайларда тыйым салынуына әкеліп соғады. Сондықтан кемені жалдау туралы шарттарда кемеде сынамалар өлшеу мен алуға арналған жабдықтың болуы және жүк танктеріне тек булануға жол бермейтін клапандар арқылы жетуге болатыны туралы мәселе ескертіледі.

Е с к е р т п е – Сұйық зат таситын кемелердің танкін толтыру кезінде ол әдетте көлемі мен пішіні әртүрлі бөліктерге бөлінеді. Кейбір бөліктерде биіктік пен көлем пропорциялы емес, соның салдарынан сынамалардың кейбір түрлері көрсеткіштік болмауы мүмкін. Бұл жағдайда әрбір бөліктен жергілікті сынамалар алған жөн. Алайда іс жүзінде жүк операциялары уақыт жағынан жиі шектеулі болады, мұның өзі бірнеше деңгейлердің ортаңғы сынамалары мен барлық деңгейлердің сынамаларын алуға мәжбүр етеді.

7.3.2.2 Кеме танктерінен сынамаларды атмосфералық қысыммен іріктеу

Ашық әдіспен сынама алу 7.3.1.1, 7.3.2.2-7.3.2.4 сәйкес орындалады. Булануға жол бермейтін клапандары бар танктерден сынама алудың шектеулі немесе жабық әдісі 7.3.1.4 сәйкес орындалады.

7.3.2.3 Кеме танктерінен сынамаларды төмен қысыммен іріктеу

Сынамалар алу кезінде 7.3.2.2 сәйкес сақтық процедуралары мен шараларын сақтау қажет.

7.3.2.4 Кеме танктерінен сынамаларды қысыммен іріктеу

Бұл мақсаттар үшін сынамаларды шектеулі немесе жабық әдіспен алуға арналған сынамаалғыш пайдаланылады (5.2.7 пен 7.3.1.4 қараңыз).

7.3.3 Темір жол цистерналары

Сынамаларды ашық әдіспен алу 7.3.1.2 бойынша орындалады. Егер сынамаларды шектеулі немесе жабық әдіспен алу қажет болса, буланууды бұғаттайтын клапандары бар танктер үшін белгіленген процедуралардың бірін қолдану керек (7.3.1.4 қараңыз).

Егер, келісім бойынша, сынамалар бір үлгідегі мұнай немесе маркасы бір мұнай өнімі тиелген темір жол составындағы цистерналардың шектеулі санынан іріктелетін болса, 11.1.4 жалпы процедураларға сәйкес сынамалар алу жоспары бойынша белгіленген цистерналардан алынады.

7.3.4 Автомобиль цистерналары

Егер сынамаларды ашық әдіспен алуға жол берілетін болса, сынамаларды көлбеу цилиндрлі сұйыққоймалардан алу (7.3.1.2 қараңыз) немесе басқа пішіндегі сұйыққоймалардан алу (7.3.1.2 және 7.3.1.3 қараңыз) процедуралары қолданылады. Ал егер сынамаларды шектеулі немесе жабық әдіспен алу қажет болса, булануды бұғаттайтын клапандары бар сұйыққойма үшін белгіленген процедуралардың бірі қолданылады (7.3.1.4 қараңыз).

7.4 Сынамаларды құбырдан алу

7.4.1 Біртекті емес сұйықтықтар

Біртекті емес сұйықтықтар сынамалары 8-бөлімге сәйкес алынады

7.4.2 Біртекті сұйықтықтар

Біртекті сұйықтар сынамалары құбырдан сынамаларды алуға арналған тиісті жабдықтың көмегімен алынады (5.4.2 қараңыз). Сынамалар алынар алдында сынамалар алынатын желі және клапан жалғастырғыштары сүрту өнімімен мұқият жуылады, содан соң 5.4, 7.2.4 және 7.4.3 сәйкес сақтану шараларын орындай отырып, сынама сынамаалғышқа немесе қабылдағышқа іріктеледі.

Құбыр ішіндегі өнім елеулі қысымда болуы мүмкін, сондықтан арнаулы процедуралар мен жабдық қолдану қажет (6-бөлімді қараңыз). Сынама алынатын әрбір жерде алынатын өнім қысымын өлшейтін аспаптар орнатылуға тиіс. Құбырдың өн бойында сынама алынатын жерлер айқын белгіленуге тиіс.

7.4.3 Қаныққан бу қысымы жоғары сұйықтықтардың жергілікті сынамаларын іріктеу

7.4.3.1 Көлемі ауыспалы бір піспекті қабылдағышқа сынама іріктеу

7.4.3.1.1 Қағидат

Құбырдан сынама тек мұнай айдау барысында алынады. Бұл жағдайда сынама алынатын жерде сұйықтық ағынының жылдамдығы құбырда сұйықтықты сол бағытта айдаудың орташа жылдамдығына тең болуға тиіс.

13-суретте бір піспекті қабылдағыш берілген. Сынама піспектің бір жағында инертті газ қысымы бірте-бірте кемитін кезде піспектің екінші жағында жинақталады.

7.4.3.1.2 Қабылдағышты таңдау және оның қымталғандығын тексеру

Қажет етілетін сыйымдылығы және құбырдағы қысымнан астам нормаланатын жұмыс қысымы бар қабылдағыш таңдалады. Піспекті тығыздағыш ретінде қолданылатын эластомердің құбырдағы сұйықпен үйлесімділігі, сондай-ақ құбыр температурасы кезінде тиімді жұмыс істеу қабілеті тексеріледі. Қабылдағыш таза және құрғақ болуға тиіс.

Қабылдағыштың әрбір жағынан құбырда күтілетін қысымнан 100 кПа (1 бар) жоғары қысыммен инертті газ беріледі және қабылдағыштардың саңылаусыздығы тексеріледі. Піспектің әрбір жағына алма кезек бірдей қысым бере отырып, сонымен бірге басқа жақты атмосфераға аша отырып қабылдағыш піспегінің тығыздағышы сыналады. Клапанда, фитингте немесе оқшаулау қабатында жылыстау бар болған жағдайда олар ауыстырылып, саңылаусыздығы қайталап сыналады немесе басқа қабылдағыш пайдаланылады.

7.4.3.1.3 Қабылдағышты алдын ала толтыру

Кірме клапан ашылып, қабылдағыштың инертті газ болуға тиісті жағы инертті газ көзімен қосылады және қысым құбырдағы қысымнан 100 кПа (1 бар) жоғары мәнге дейін баяу арттырылады. Піспек бұл жағдайда кірме саңылаудың шеткі бетінен толық шеттеуге

тиіс. Барлық клапандар жабылады және инертті газ көзі ажыратылады. Алдын ала толтырылған қабылдағыш сынама алынатын нүктеге қосылады.

7.4.3.1.4 Сынама алынатын желі мен қабылдағышты тазарту

Алдын ала толтырылған қабылдағыштың кірме клапаны сынама алынатын жермен (өлшеу нүктесімен) қосылады.

Егер қабылдағышта бір ғана қосу желісі бар болса, кірме клапан ашылмайды, тек зонд жуылып, ол құрғату қосқышы (немесе алаулы желі) жабылғанға дейін кірме клапанға қосылады.

Кейбір қабылдағыштарда кірме клапаннан қарама-қарсы жақта қосымша қосқыш бар, оның өзі қабылдағыштың қол жетуі қиын жерлерін тазартуға мүмкіндік береді. Бұл үшін шығыс желісі бар екінші клапан қосылып, екі клапан да ашылады. Жүйе толық тазарған кезде, екінші клапан (яғни кірме клапан) жабылып, қабылдағыш толтырылады, қабылдағыштың басқа шетінен инертті газ қысымы бірте-бірте кемітіледі (7.4.3.1.5).

7.4.3.1.5 Қабылдағышты толтыру

Бір кірме тесігі бар қабылдағышты толтыру кезінде кірме клапан баяу ашылады. Екі кірме тесігі бар қабылдағышты толтыру кезінде тазарту аяқталған соң, екінші клапанның жабылуын күту қажет.

Осы кезеңде піспектің қозғалуына жол беруге болмайды, өйткені инертті газдың піспектегі қысымы құбырдағы қысымнан жоғары. Егер піспек орнынан қозғалып кетсе қабылдағыш басқасына ауыстырылады. Инертті газдың шығуы үшін түпкі клапан баяу ашылады және піспек үстіндегі қысым бірте-бірте кемітіліп, қабылдағыштың нақты сыйымдылықтың 80 %-нан аспайтындай толуына мүмкіндік беріледі.

Сынама алу барысында сынама қысымы мен піспек үстіндегі инертті газ қысымы арасындағы айырмашылық 100 кПа-дан (1 бар) аспауға тиіс.

Кірме клапан жабылады және сынама алу желісіндегі қысым кәріз қысымына дейін кемітіледі. Содан соң инертті газдың кірме клапаны инертті газ көзімен қосылады, піспек үстінде инертті газ қысымы құбырдағы қысымнан 100 кПа (1 бар) мәнге дейін арттырылады. Содан соң қабылдағыш сынама алынатын жерден ажыратылып, ол зертханаға мүмкіндігінше тез жеткізіледі.

7.4.3.2 Көлемі ауыспалы екі піспекті қабылдағышқа сынама алу

7.4.3.2.1 Жалпы ережелер

Құбыр желісінен сынама құбырдағы жұмыс қысымы кезінде алынады және сондай немесе одан жоғары қысым жағдайында сақталады.

Ішкі қос піспегі бар қабылдағыш 14-суретте келтірілген. Сынама піспектің бір жағында инертті газ қысымы бірте-бірте кемитін кезде піспектің екінші жағында ғана жинақталады. Инертті газдың екінші піспек үстіндегі қысымы құбырдағы қысымнан едәуір жоғары деңгейде сынама алынатын бүкіл уақыт ішінде сақталады (қабылдағыштың лықа толуына жол бермеу мақсатында).

Осы бастапқы сынаманы талдау үшін пайдаланудан бұрын оны біркелкілеу керек. Бұл үшін ол орталық араластырғыштың тар саңылаулары арқылы бірнеше рет өткізіледі. Бұған жинағыштардың бірінде инертті газ қысымын басқа қысымға қатысты алма кезек кеміту арқылы қол жетеді (бұл жағдайда сынама көпіршіктемейтіндей қысым сақталады). Қос піспегі бар қабылдағыштар жергілікті сынамалар алу үшін ұсынылады, олар содан соң құбырлардағы, су құрамына (мысалы, құрамы ауыспалы шикі мұнайға немесе шыққа) автоматты түрде талдау жасайтын, қысымы жоғары құбырларда орнатылған аспаптарды мөлшерлеу мен бақылау үшін пайдаланылады.

7.4.3.2.2 Қабылдағышты таңдау және оның қымталғандығын тексеру

Көлемі ауыспалы екі піспекті қабылдағыштың жұмыс көлемі (сыйымдылығы) қабылдағыштың бүкіл көлемінің 50 %-ы ғана болады. Сыйымдылығы қажетті және

құбырдағы қысымнан астам нормаланатын жұмыс қысымы бар қабылдағыш таңдалады. Піспектің тығыздаушы эластомерінің құбырдағы сұйықпен үйлесімділігі, сондай-ақ оның құбыр температурасы кезінде тиімді жұмыс істеу қабылеті тексеріледі. Қабылдағыш таза және құрғақ болуға тиіс.

Қабылдағыштың барлық қосындыларының қымталғандығы 7.4.3.1.2 сәйкес сыналады. Клапанда, фитингте немесе оқшаулау қабатында жылыстау байқалған жағдайда олар ауыстырылады және қайтадан сынау жүргізіледі.

7.4.3.2.3 Қабылдағышты алдын ала толтыру

Кірме клапан ашылады, инертіт газдың екі кірме клапаны инертті газ көзіне ретретімен қосылады және құбырдағы қысымнан 500 кПа (5 бар) жоғары мәнге дейін баяу арттырылады. Бұл жағдайда екі піспек кірме саңылаудың/шағылдырғыш қабырғаның шеткі бетінен толық шеттеуге тиіс. Барлық клапандар жабылады және инертті газ көзі ажыратылады. Алдын ала толтырылған қабылдағыш сынама алынатын нүктеге қосылады.

7.4.3.2.4 Сынама алынатын желінің және қабылдағыштың ішкі қуысын тазарту

Алдын ала толтырылған қабылдағыштың кірме клапаны сынама алынатын жермен (өлшеу нүктесымен) қосылады. Жарғақты клапанның кірме шаю желісі/ауыстырғышы жабық шүмекпен немесе басқа да қауіпсіз жалғасыммен қосылады.

Шаю желісінің клапаны ашылады, сондай-ақ қабылдағыштың кірме клапаны жартылай (¼ айналдыра бұрай) ашылады. Сынама алынатын желінің ішкі қуысын және қабылдағышты тұтас мұқият тазарту үшін сынама алынатын жерде құбырдағы клапан абайлап ашылады. Қабылдағыш арқылы өтетін сұйық ағынының жылдамдығын кірме клапан мен сынама алынатын жердегі клапанды абайлап ашу жолымен қабылдағыш тазалап жуылғанға дейін реттеуге болады.

7.4.3.2.5 Қабылдағышты толтыру

Қабылдағыштың кірме саңылауының клапаны жуылғаннан кейін жабылады. Осы кезеңде екі піспек те қозғалыссыз күйде болуға тиіс, өйткені инертті газ қысымы құбырдағы қысымнан жоғары болады. Инертіт газдың шығуы үшін бір клапан (екеуі бір мезгілде емес) абайлап ашылып, қабылдағыштың бір жағынан инертті газ қысымы баяу төмендетіледі. Мұның өзі сынаманың құбыр мен қабылдағыш арасындағы қысым айырмашылығының көмегімен қабылдағыштың жұмыс істейтін жағында жинақталуына мүмкіндік береді. Инертті газ шығатын саңылау клапанын сынамаалғыш толуының шапшаңдығын бақылау үшін мұқият реттеу қажет.

Сынамаалғыш толуының барысында құбыр мен инертті газ қысымындағы айырмашылық 100 кПа (1 бар) аспауға тиіс.

Клапандар піспек жағдайын көрсеткіш қабылдағыштың шамамен 90 % (жалпы нақты сыйымдылықтың 45 %-на жуық) толуын көрсеткен кезде жабылады.

Сынама алынатын желідегі қысым кемітіледі. Содан соң инертті газдың кірме клапаны қысымды құбырдағы қысымнан кемінде100 кПа-дан (1 бар) астам арттыру үшін инертті газ көзімен қосылады. Инертті газ жинақтағыштың екеуіндегі қысымды теңестіру қажет етілмейді. Алайда мұны инертті газдың алынған қысымы құбырдағы қысымнан асып кеткен кезде істеуге болады. Ең соңында қабылдағыш ажыратылып, ол мүмкіндігінше тез арада зертханаға жеткізіледі.

7.4.3.3 Көлемі нақты қабылдағышқа сынама іріктеу

7.4.3.3.1 Жалпы ережелер

Құбыр желісінен сынама құбырдағы жұмыс қысымы кезінде алынады және ол зертхангаға тасымалданатын жағдайда сондай немесе одан жоғары қысым кезінде талдау жасалғанға дейін сақталады. Сынама алынғаннан кейін қабылдағыш ішінде бос кеңістік қалдыру қажет, өйткені сынама тасымалдау мен сақтау кезінде жылу әсерімен ұлғаюы мүмкін.

Егер алынатын сұйықтың қанықкан буының қысымы құбырдағы сұйықтың жұмыс қысымымен шамалас болса, сынамаалғышта бос кеңістік бар болған жағдайда сынама қысымы кемиді, оның өзі сынаманың фазалық бөлінуіне әкеліп соғуы мүмкін және көрсеткіштік сынамалардың кейін алынуын қиындатады. Осы жағдайда сынаманың жеткілікті қысымын қамтамасыз ету және фазалық бөлінуге жол бермеу үшін көлемі ауыспалы қабылдағышты (7.4.3.1 немесе 7.4.3.2) пайдалану ұсынылады. Сұйық салқындатылған кезде қабылдағыш піспегінің оқшаулау қаптамаларына төмен температуралардың әсері де ескерілуге тиіс.

Көлемі нақты қабылдағыштардың қолданылуына байланысты мынадай құрылғылармен жарақтандыруға болады:

- бір (немесе одан көп) кіріс/шығыс клапандары;
- ішкі қуыс түтіктің болуы немесе болмауы.

Екі клапаны бар қабылдағыштар сынама алынар алдында оңай тазартылады, ал қуыс түтік қабылдағышта сынама алынғаннан кейін көлемі қажетті бос кеңістік (жалпы нақты көлемнің 20%) жасалуын жеңілдетеді.

Е с к е р т п е – Көлемі нақты қабылдағыштағы ішкі қуыс түтік апаттық түтік ретінде пайдаланылады.

7.4.3.3.2 Қабылдағышты таңдау және оның қымталғандығын тексеру

Көлемі нақты қабылдағыштың жұмыс көлемі (сыйымдылығы) әдетте қажетті бос кеңістік жасау үшін нақты көлемнен 20 %-ға кем болады. Сыйымдылығы қажетті және құбырдағы қысымнан астам нормаланатын жұмыс қысымы бар қабылдағыш таңдалады. Қабылдағыш пен жарғақты артық қысыммен сынау жөніндегі құжаттардың бар-жоғы тексеріледі. Қабылдағыш таза және құрғақ болуға тиіс.

Қабылдағышқа инертті газ құбырдағы ықтимал қысымнан 100 кПа (1 бар) жоғары қысыммен беріледі. Клапанда, ернемекте немесе оқшаулау қабатында жылыстау байқалған жағдайда олар ауыстырылады және қайтадан сынау жүргізіледі немесе басқа қабылдағыш пайдаланылады.

7.4.3.3.3 Сынама алынатын желінің ішкі қуысын тазарту

Егер қабылдағышта кірме қуыс түтік бар болса, қабылдағыштан түтікке клапандардың бар-жоғы анықталады және ол сынама алынатын жерге қосылады. Қабылдағышта екінші клапан бар болған жағдайда, ол жабық ағызу шүмегімен немесе басқа да қауіпсіз жалғанумен қосылады. Клапандардың бәрі жабық болуға тиіс.

Әдетте қабылдағыштар жерге сынама алынатын нүктеге жалғастырылған металл түтіктермен қосылады, бірақ жерге қосатын жекеклеген құрылғы қажет болуы мүмкін.

Қабылдағышты жуу үшін ол арқылы көлемі құбыр зондынан сынама алынатын нүктеге және одан әрі сынама алынатын нүкте клапаны алдындағы саңылауға дейінгі бүкіл кеңістік көлемінің кемінде 150%-ы болатын сынаманы айдау қажет. Содан соң саңылау клапаны жабылады.

7.4.3.3.4 Қабылдағышты тазарту

Бір клапаны бар қабылдағышта кірме клапан ашылып, қабылдағыш сынамамен ішінара толтырылады. Қабылдағышты тазарту үшін сынама алынатын желіде реттеуші клапан жабылып, шығыс саңылау клапаны ашылады. Содан соң ол жабылып, қабылдағыш қайтадан ішінара толтырылады және сынаманы толтыру және ағызу процесі қабылдағыш толық тазартылғанға дейін екі рет қайталанады.

Екі клапаны бар қабылдағышта кірме клапан ашылып, қабылдағыш ішінара толтырылады. Шығыс клапан толық ашылғанға дейін баяу ашыла бастайды. Сынама алуға арналған реттеуші клапан жабылып, қабылдағыш ішіндегі өнімнің бір бөлігінің шығыс клапанының саңылауы арқылы ағып шығуына мүмкіндік береді. Содан соң қабылдағыштың шығыс клапаны жабылып, сынама алынатын желідегі кірме клапан

ашылады. Қабылдағышты сынамамен ішінара толтыру және сынаманы бірнеше рет ағызу қайталанады.

7.4.3.3.5 Қабылдағышты толтыру

Қабылдағыш тазартылғаннан кейін қабылдағышты толтыру үшін сынама алынатын желіде кірме клапаны ашылады. Бұдан соң қабылдағыштың кірме клапаны, одан кейін сынама алынатын желідегі (құбырдағы) клапан жабылады. Сынама алынатын желіде қысымды төмендету үшін сынама алынатын желідегі кірме клапан ашылады, сынама алынатын желідегі қалған клапандар жабылады және қабылдағыш ажыратылады.

7.4.3.3.6 Қабылдағыш ішінде бос кеңістік жасау

Сынама алынғаннан кейін қабылдағышта толмаған 20 % көлем қалуға тиіс. Бұған не қуыс түтік (ол бар болса) көмегімен, не сынама салмағын анықтау үшін қабылдағышты өлшеу жолымен қол жеткізіледі.

Бірінші жағдайда қабылдағышты тік күйінде қою керек, бұл жағдайда кірме клапан (және қуыс түтік) жоғарғы жақта болады.

Е с к е р т п е – Статикалық электрдің қауіп төндіруіне жол бермеу үшін өнімді ішінара қотару алдында қабылдағышты жерге қосу ұсынылады.

Қабылдағыштың кірме клапаны сұйық аға бастағанға дейін баяу ашылады. Артық сұйық түгелдей ағып шығуға тиіс. Ағып шығатын сұйық өнім тез булана бастаған кезде клапан жабылады.

Егер сұйық ағып шықпайтын болса, қабылдағыш лықа толмаған және алынған сынама жарамсыз деп саналатын болады. Ондай сынама алып тасталып, сынама алу қайталанады.

Екінші жағдайда (өлшеу жолымен) толған қабылдағыш өлшенеді және алынған сынама салмағын анықтау үшін бос қабылдағыш салмағы есептеледі. Содан соң сынаманың қандай мөлшері (салмағы бойынша) қабылдағыш сыйымдылығының 20 %-на сәйкес келетіні есептеп шығарылады. Сынаманың есептелген мөлшері қабылдағыштың кірме клапанынан абайлап шығарылады.

Е с к е р т п е – Статикалық электрдің қауіп төндіруіне жол бермеу үшін өнімді ішінара қотару алдында қабылдағышты жерге қосу ұсынылады.

Шығыс клапан жабылады және қабылдағыш қайтадан өлшенеді. Егер сынама бар қабылдағыш салмағы бос қабылдағыш салмағынан, оған қоса бастапқы сынама салмағының 80%-нан бұрынғысынша астам болса, сынаманы ішінара қотару операциясын қайталау қажет.

Егер қабылдағышты сынама алынатын жерде өлшеу мүмкін болмаса температураның жылуы салдарынан сынама ұлғаюы нәтижесінде пайда болуы мүмкін артық қысымды кеміту үшін сұйық сынаманың шағын мөлшерін ағызу қажет. Сынама тиісті жабдық бар жерге жеткізілгеннен кейін өлшеуді және қабылдағышта бос кеңістік жасауды тез жүзеге асыру қажет.

7.4.3.3.7 Сынамаларды өңдеу

Сынама алу аяқталғаннан кейін қабылдағыш саңылаусыздығы жылыстауды анықтауға арналған арнаулы сұйық зат, сабынды су көмегімен немесе қабылдағышты сыйымдылықтағы суға батыру жолымен тексеріледі. Жылыстау байқалған жағдайда сынама ағызылып, қабылдағыштың тұтастығы қалпына келтіріледі (немесе ол басқа қабылдағышпен ауыстырылады), содан соң басқа сынама алынады.

Қабылдағышты тасымалдауға дайындау үшін ол таңбаланады және тасымалдау ережелеріне сәйкес арнаулы жүксауытқа салынады. Қабылдағыш зертханаға/сынаулар жүргізілетін жерге дереу жеткізіледі. Жүксауытты аралық сақтау қажет болса, сынама температураның күрт өзгеруінен қорғалады.

7.5 Сынамаларды мөлшерлегіштер (ұзартқыштар) көмегімен іріктеу

Бұл әдіс жалплама тұтынылатын мөлшерлегіштерден жеңіл отын сынамаларын алу үшін қолданылады. Отынның қабылдағыш түбіне құйылмауы, шалпылдатылмауы үшін мөлшерлегіш ұшына ұзартқыш жалғанады. Егер мөлшерлегіш буланууларды қалпына келтіру жүйесімен жарақтандырылған болса, мөлшерлегіш ернемегін тығыздау үшін төсем қажет болуы мүмкін. Қабылдағышты баяу, мөлшерлегіш ұзартқышы арқылы, шамамен көлемнің 85%-на толтыру керек. Содан кейін мөлшерлегіш пен ұзартқыш алынып, қабылдағыш беті дереу жабылады.

Егер сынама қаныққан бу қысымын анықтауға арналған болса, толтырылар алдында қабылдағышты салқындату қажет.

8 Шикі мұнай мен басқа да біртектес емес мұнай өнімдерінің сынамаларын іріктеуге арналған процедуралар

8.1 Жалпы ережелер

Шикі мұнай мен басқа да біртектес емес мұнай өнімдері үшін ИСО 3171-ге сәйкес құбыржолдарынан сынамаларды автоматты түрде іріктеуді қолдану ұсынылады. Құбыржолынан сынамаларды автоматты түрде іріктеу процедурасы шикі мұнай мен басқа да біртектес емес мұнай өнімдерін, мысалы, тұтқырлығы жоғары мұнай немесе мазут сынамасын іріктеу үшін жарамды. Іріктеуді сынама іріктеуіштен тыс орналасқан араластырғыш құрылғы көмегімен жүргізілетіндіктен, сынама іріктегішке жақсы араластырылған өнім келіп түседі. Оған қоса, сынама ағын жылдамдығына пропорционал алынады, сондықтан өнім топтамасын айдау барысында оның жылдамдығын өзгерту мүмкіндігі пайда болады.

Е с к е р т п е – 7 бөлімде келтірілген сынамаларды қолмен іріктеу әдістері көрсеткіштік сынамалар алынуын мына себептер бойынша қамтамасыз етпейді:

- әдетте, су ең көп бөлігі сұйыққойма түбінде болады. Сондықтан мұнайдың бірнеше деңгейлерінен алынған ортаңғы сынама, сұйыққойманың барлық деңгейлерінен алынған сынама немесе жоғарғы, ортаңғы және төменгі сынамалардан құралған жиынтық сынама мұнайда қаншама су бар екені туралы ұғым бермейді;
- мұнай мен тауарасты суының бөліну шегін әсіресе эмульсиялық қабат пен су шөгінділері бар жағдайда анықтау қиын;
- сұйықойма түбінде тауарасты суының деңгейі бірдей емес. Сұйыққоймалар түбінде тауарасты суының немесе су-мұнай эмульсиясының шөгінді немесе парафин қабаттарымен қоршалған жекелеген таңдақтары пайда болады;
- жеңіл түйіршіктер қол операциялары кезінде тез буланууы мүмкін, ол сынама тығыздығына және қаныққан бу қысымына әсер етеді.

Жекелеген жағдайларда сынамаларды тек қолмен іріктеу әдістерін пайдалануға тура келеді. Сондықтан осы бөлімде көрсеткіштік сынамаларды осы әдісте көрсетілген мөлшерде алуға көмектесетін қолмен сынамалар алу әдістері келтірілген. Ол әдістер 7 бөлімде келтірілген әдістер толықтырмасы немесе ауыстырылуы болып табылады.

8.2 Сынамаларды іріктеу әдістері

8.2.1 Сұйыққоймалардан сынамаларды іріктеу

Сұйыққоймадан сынама іріктеу үшін 7.3-те көрсетілген әдістердің бірі қолданылады:

- оқшау сынамалар іріктеу;
- бірнеше деңгейден ортаңғы сынамалар іріктеу;
- барлық деңгейлерден сынамалар іріктеу.

Өткізуші және қабылдаушы тараптардың келісімі бойынша оқшау сынамалардан жиынтық сынамалар әзірлеуге болады (7.3.1.2-ні қараңыз).

Сұйыққойма ішіндегі өнімнен оқшау сынамалар іріктеу кезінде сынамалар жоғарғы, ортаңғы және төменгі деңгейдерден рет-ретімен іріктеледі, олар зертханаға жеткізіледі және тығыздығы, су мен шөгінді мөлшері бойынша сынақ жүргізіледі.

Егер сынақ нәтижелерінің дәлдігі $\pm$1,0 кг/м^3 шегінде (тығыздық үшін) және $\pm$0,1% (су құрамы үшін) болса, сұйыққойма ішіндегі өнім бүкіл көлем бойынша біртектес деп, ал сынау нәтижелері бүкіл көлем үшін орташа деп саналады. Егер сынау нәтижелерінің дәлдігі аталған шектерге кірмейтін болса, сұйыққойма ішіндегі өнім біртектес емес, сондықтан, мүмкіндігінше, аралық немесе бірдей қашықтықтағы деңгейлерден қосымша оқшау сынамалар алу, ал барлық жеке талдау жасалған сынамаларды сынау нәтижелері көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша орташаландырылады.

Е с к е р т п е – сыйымдылығы 159 м^3–ден (1000 баррель) астам ішінде шикі мұнай бар қымталған шағын сұйыққоймалар үшін ортаңғы деңгейден бір оқшау сынама іріктеу жеткілікті.

8.2.2 Құбыржолынан сынамалар іріктеу

8.2.2.1 Жалпы ережелер

Құбыржолымен тасымалданатын өнім топтамасынан сынама іріктеу үшін ИСО 3171-де белгіленген әдістер қолданылады.

Е с к е р т п е – Құбыржолынан оқшау сынамаларды қолмен іріктеу әдісін қолдану қажет болған жағдайда сынамаларды іріктеу процедуралары көлемі нақты немесе ауыспалы қабылдағыш қолданылатынына қарай, сондай-ақ сынама алынатын сұйықтың қаныққан буының қысымына байланысты болады.

8.2.2.2 Қаныққан бу қысымы төмен сұйықтан сынама іріктеу

Көлемі нақты қабылдағыш зонд пен бүкіл сынама іріктеу желісі мұқият жуылғаннан кейін тікелей толтырылады. Сынама іріктеу 5.4.2-ге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Қажет жағдайда сынама салқындатқыш пайдаланылады (5.7-ні қараңыз).

Егер сынама іріктеу үшін көлемі ауыспалы сынама іріктегіш қолданылатын болса, одан ауаны айдап шығару (вакуумдеу) қажет. Сынаманы зонд пен бүкіл сынама іріктеу желісі мұқият жуылғаннан кейін алынады.

8.2.2.3 Қаныққан бу қысымы жоғары сұйықтан сынама іріктеу

Жоғары қысымға арналған көлемі ауыспалы қабылдағыштар (мысалы, піспегі жылжып тұратын құты) 7.4.3.1-ге немесе 7.4.3.2-ге сәйкес толтырылады. Жоғары қысымға арналған көлемі нақты қабылдағыштар 7.4.3.3-ке сәйкес толтырылады.

Е с к е р т п е – құбыржолынан жоғары қысымды қаныққан булы сұйық сынамасын алу үшін төменгі қысымға арналған көлемі ауыспалы қабылдағыштар немесе төменгі қысымға арналған көлемі нақты қабылдағыштар қолданылмайды, себебі сынаманың фазалық бөлшектелуі, қысымның төмендеуі және жеңіл түйіршіктердің жоғалуы мүмкін.

8.2.3 Қосымша сақтану шаралары

Мыналар кезінде:

- қату температурасы жоғары мұнай сынамасын (7.2.4-ті қараңыз);
- ұшпалы түйіршіктерге ие мұнай сынамасын (7.2.3-ті қараңыз);
- көлемді сынамалар (7.2.1.8-ді қараңыз) іріктеу;
- көлемі нақты сынама іріктегіштерде бос кеңістік жасау (7.2.1.6-ны қараңыз);
- тасымалдауға арналған сынамалар (7.2.5 пен 8.2.4-ті қараңыз) іріктеу кезінде сақтану шараларына ерекше көңіл бөлу қажет.

8.2.4 Сынаманы тасымалдау

Шикі мұнай сынамасын зертханаға оның тұтастығын сақтау мақсатында ауыстырып құйылмастан және араластырылмастан бастапқы сынама іріктегіште жеткізеді. Егер бұл мүмкін болмаса сынама 9.4-ке сәйкес лайықты екінші контейнерге құйылады және бұл операция журналда тіркеледі. Сынамаларды мүмкіндігінше тезірек жеткізу және қараңғы, құрғақ жерде сақтау қажет.

Көлемі нақты қабылдағыш/контейнерлерді, егер мүмкін болса, булану кезіндегі ысырапқа жол бермеу және өнімнің жылыстауын анықтау үшін төңкерілген күйінде тасымалдау және сақтау қажет.

9 Сынамалармен жұмыс істеу

9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 Сынамаларды іріктеу мен зертханадағы сынаулар аралығындағы кезеңде олармен жұмыс істеу кезінде (немесе сынамаларды сақтау кезінде) сынама қасиеттерінің және оның тұтастығының сақталуын қамтамасыз ету керек.

9.1.2 Сынамамен жұмыс істеу әдісін таңдау оны іріктеу мақсатына байланысты. Зертханалық талдаулар жүргізу тәртібі арнаулы процедураларды жиі қажет етеді. Сондықтан сынамалар алатын қызметкерлерді сынамалармен жұмыс істеу жөніндегі тиісті нұсқаулармен қамтамасыз ету қажет. Егер өлшеулер орындаудың қолданылатын әдістерінде бір-біріне қайшы келетін талаптар бар болса, жеке сынамалар алу және олардың әрқайсысы үшін белгілі бір әдістеме қолдану керек.

9.1.3 Мына заттармен жұмыс істеу кезінде ерекше көңіл бөлу керек:

- ұшпа компоненттері бар сұйықтармен, себебі булану салдарынан шығын болуы мүмкін;
- құрамында су және/немесе шөгінді бар сұйықтармен, себебі ішінде сынама бар қабылдағышта бөлініс болуы мүмкін;
- құрамында парафин бар және қажетті температура сақталмаса ол кристалдануы мүмкін сұйықтармен.

9.1.4 Жиынтық сынамалар жасау кезінде оңай буланатын сұйықтардан жеңіл түйіршіктердің булануына жол бермеу мәселесіне ерекше көңіл бөлу керек, өйткені оның өзі су мен шөгіндіні анықтау кезінде олардың ұлғаюына әкеліп соғуы мүмкін.

9.1.5 Оңай буланатын сұйықтардың сынамаларын екінші қабылдағышқа сынамалар алынатын жерде ауыстырмау керек. Сондықтан оларды зертханаға бастапқы сынама іріктегіште салқындатылған және (қажет болған жағдайда) төңкерілген күйінде жеткізу керек. Егер сынамада ұшпалы құрамбірліктер мен өлшемді су бір мезгілде бар болатын болса, ерекше абай болу керек.

9.2 Сынамаларды гомогендеу

9.2.1 Жалпы ережелер

Құрамында су мен шөгінді бар немесе құрамы біртекті емес сынамалар үшін оларды гомогендеу әдістерін белгілеу қажет. Гомогендеу сынаманың кез келген мөлшерін бастапқы сынама іріктегіштен екінші қабылдағышқа немесе талдау жасалатын ыдысқа ауыстыру алдында жасалады. Гомогендеу барысында сынама көрсеткіштігінің, мысалы, жеңіл құрамбірліктердің булануы салдарынан бұзылмауы қажет. 9.3-те гомогендеу барысын бақылау тәртібі келтірілген.

Құрамында су мен шөгінді бар сұйық сынаны қолмен араластыра отырып толық гомогенденуіне қол жеткізу мүмкін емес. Ол үшін қарқынды механикалық немесе гидравликалық араластыру қажет.

Гомогендеуді түрлі әдістермен орындауға болады. Суды ұсақ тамшыларға дейін бөлетін гомогендегіштер қолдану ұсынылады. Мұның өзі талдау жасау үшін сынамадан қажетті мөлшерлерді одан әрі алу кезінде сынаманы тұрақтындыруға көмектеседі. Құрамында тұрақты эмульсия түріндегі су бар сынамаларда су құрамын үйірткілеу әдісімен анықтау мүмкін емес. Бұл жағдайда су құрамы ИСО 10336, ИСО 10337 және ИСО 9029 бойынша анықталады.

9.2.2 Жылжу мезеті жоғары механикалық араластырғыш көмегімен гомогендеу

9.2.2.1 Көлемі нақты қабылдағыш

Жылжу мезеті жоғары механикалық араластырғыш өнім сынамасына айналатын элемент ұшы сыйымдылық түбінен 30 мм болатындай етіп батырылады.

Е с к е р т п е – Әдетте қалақтары кері айналатын, 3000 мин$^{-1}$ жылдамдықпен жұмыс істейтін араластырғыш қолданылады. Өнімділігі жеткілікті болса, араластырғыштардың басқа да модельдерін пайдалануға болады (9.3-ті қараңыз).

Шикі мұнайдағы жеңіл түйіршіктердің немесе ұшпа құрамбірліктері бар басқа сынамалар шығынын барынша азайту үшін ішінде сынама бар қабылдағыш қақпағында тығыздағыш бар араластырғышпен жұмыс істеу керек. Араластыру уақыты – 5 минут толық гомогендеуді қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы мүмкін, бірақ қабылдағыш көлемі мен сынама қасиеттері гомогендеу уақытына әсер етеді. Сынаманың біртектілігін бақылау қажет (9.3-ті қараңыз).

Е с к е р т п е – Жылжу мезеті жоғары араластырғыштар тұрақты эмульсияны жиі жасайды, соның нәтижесінде су құрамын ИСО 3734 бойынша үйірткілеу әдісімен анықтау мүмкін емес.

Араластыру кезінде температураның 10 °С-дан астам артуына жол бермеу керек. Егер мүмкіндік бар болса (7.2.3.2-ні қараңыз), сынаманы гомогендеуге дейін немесе гомогендеу барысында салқындатқан жөн.

9.2.2.2 Көлемі айнымалы контейнер

Гомогендеуді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес ішкі араластыру жүйесінің көмегімен жүргізіледі. Біртектес емес мұнай үшін араластыру тиімділігі тексеріледі (9.3.4-ті қараңыз).

Араластыру барысында температураның 10 °С-дан астам артуына жол бермеу керек. Егер мүмкіндік бар болса (7.2.3.2-ні қараңыз), сынаманы гомогендеуге дейін немесе гомогендеу барысында салқындатқан жөн.

9.2.3 Сырттан араластырғыштар

Сырттан араластыруды тұрақты, сондай-ақ тасымалды (көлемі ауыспалы және тұрақты) қабылдағыштар үшін қолдануға болады. Соңғы жағдайда тез ажыратқыш жалғастырғыш қолданылады.

Шағын сорғы көмегімен қабылдағыш ішіндегі зат сыртта орнатылған, диаметрі шағын түтік байламы бар тұрақты араластырғыш арқылы айналдырылады. Пайдаланылуы кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды басшылыққа алу қажет болатын түрлі модельдер бар.

Сырттан араластырғыш, сорғы мен қосқыштар ауқымы көлемі нақты қабылдағыш ішіндегі бос кеңістікті араластыру кезінде кішірейту, сондай-ақ буланудан болатын шығынды азайту үшін мүмкіндігінше шағын болуға тиіс.

Айналыстағы ағын жылдамдығы қабылдағыш ішіндегі өнімнің толық айналыс циклінен 1 минуттан аспайтын уақыт ішінде өтуі үшін жеткілікті болуға тиіс. Стандартты араластыру уақыты 10 минут, бірақ ол су құрамына, көмірсутек түріне, кері айналу жылдамдығына, сынаманың жалпы көлеміне және жүйе құрастырылымына байланысты өзгеруі мүмкін.

Араластыру барысында температураның 10 °С-дан астам артуына жол бермеу керек. Егер мүмкін болса (7.2.3.2-ні қараңыз), сынаманы гомогендеуге дейін немесе гомогендеу барысында салқындатқан жөн.

Сынама түгелдей мұқият араластырылғаннан кейін сынаманың қажетті мөлшерін шүмек арқылы араластыру желісіне немесе сорғы жұмыс істеп тұрған кезде қабылдағыштағы қапандар арқылы қотару қажет.

9.3 Араластыру тиімділігін тексеру

9.3.1 Жалпы ережелер

Біртектес емес қоспадан талдауға сынамалар алу үшін қандай құралдардың таңдалғанына қарамастан араластыру тиімділігін әрдайым бақылау қажет.

9.3.2 Біртектес сұйықтар

Егер сынама араластырудан кейін (мысалы, араластырылатын заттар, май қосымдары) толық араластырылған кезде біртектес және тұрақты күйінде болса, сынаманың негізгі көлемінен алынған кейінгі сынамалар бірдей нәтиже бергенге дейін араластыру процедурасын жалғастыра беру керек. Бұл араластыру аз уақыт алады.

Е с к е р т п е – Егер сынама бұдан кейін де бұрынғысынша біртектес және тұрақты күйінде қалатын болса, негізгі көлемнен сынамаларды одан әрі араластырусыз алуға болады.

9.3.3 Біртектес емес сұйықтар

Егер сынама араластырудан кейін өзінің біртектестігін ұзақ уақыт сақтамаса (мысалы, араластырылатын сынама құрамында су мен шөгінді бар болса), араластыру тиімділігін тексерудің 9.3.4-те айтылған әдісі қолданылады.

Е с к е р т п е – Сынама құрамындағы құрамбірліктерге байланысты шағын сынамаларды араластыру барысында алу қажет болуы мүмкін.

9.3.4 Біртектес емес мұнайды араластыру тиімділігін сынау (инжекциялық/қалпына келтіру әдісі).

9.3.4.1 Бос қабылдағышты талдау таразысында өлшейді және қосылған су мөлшері 0,01 % (м/м)-ге дейінгі дәлдікпен анықтайды.

Е с к е р т п е – Бұл процедура көлемі нақты және ауыспалы қабылдағыштар үшін қолданылады.

9.3.4.2 Алдын-ала өлшенген қабылдағышқа алынатын сұйықтың қажетті мөлшері толтырылады. Бұл сынамада өлшемді су құрамы 0,1 % (м/м)-ден кем болуға, ал тауарасты суы жоқ болуға тиіс. Сынама температурасы жазылады.

9.3.4.3 Сынама күтілетін әдеттегі (араластырғыш жылдамдығы, араластыру уақыты, кері айналу ағынының деңгейі және т.т.) жағдайларда араластырылады. Мұнай температурасының 10 °С-дан аспауы бақыланады.

9.3.4.4 Араластырудан кейін шприцпен аздаған сынама үлгілері алынып, олардағы су құрамы ИСО 10336, ИСО 10337 бойынша анықталады. Нәтижелердің 0,02 % (м/м) шегінде келісілуін растау үшін сынама іріктеу мен сынау қайталанады. Егер сынаулар нәтижелері қайталану шегінде сәйкес келмесе, процедура уақыт пен айналдыру жылдамдығын арттыра отырып қайталанады. Қайталап сынау нәтижелердің келісілуі 0,02 % (м/м)-ге жеткенге дейін қайталанады немесе араластырудың неғұрлым тиімді әдісін қолдануға болады.

9.3.4.5 Шикі мұнай салмағын есептеу үшін қабылдағыш өлшенеді. Су құрамын шамамен 2 % (м/м)-ге дейін жеткізу үшін сүзілген судың дәл өлшенген мөлшері қосылады. Егер мұндай мән белгісіз болса, судың жеткілікті мөлшері қосылады және судың жалпы құрамы 5 % (м/м)-ге дейін жеткізіледі.

9.3.4.6 Шикі мұнай температурасы жазылады, содан соң нәтижелердің 9.3.4.4 бойынша келісілуін растау үшін сол сынама сол жағдайларда араластырылады. Мұнай температурасының 10°С-дан аспауы бақыланады.

9.3.4.7 Араластырудан кейін шприцпен дереу аздаған үлгілер алынады және олардағы су құрамы ИСО 10336, ИСО 10337 бойынша анықталады. Талдау аяқталғаннан кейін сынама іріктеу мен талдау кезеңдері қайталанып, араластырудың таңдап алынған жағдайларында пайда болған нәтижелердің және тұрақты эмульсияның қайталануына қол жеткізіледі.

3-кесте – Су құрамын өлшеу жөніндегі ең жоғары шектер

Судың өлшенген мөлшерінің орташа мәні, % (м/м)	Нәтижелер қайталануының ең жоғары шектері, % (м/м)	Судың өлшенген және белгіленген мөлшері арасындағы ең жоғары айырмашылық, % (м/м)
≤ 4,00	0,10	0,10
4,01-ден 6,00-ге дейін	0,15	0,15
6,01-ден 10-ға дейін	0,20	0,20
>10	0,25	0,25

9.3.4.8 Нәтижелердің қайталануы және су құрамының орта мәндерінің келісілуі (9.3.4.7-ні қараңыз), сондай-ақ судың белгіленген құрамы (9.3.4.5-ті қараңыз) тексеріледі. Рұқсат етілетін деңгейдің ең жоғары мәні (Х) және ортаңғы нәтиже мен белгіленген нәтиже арасындағы айырмашылық (У) 3 кестеде көрсетілген мәндерден аспауға тиіс.

